

Павлодар облысының білім беру басқармасы,  
Май ауданы білім беру бөлімінің «Малайсары жалпы орта білім беру мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Павлодар облысы білім беру басқармасының,  
Май ауданы білім беру бөлімінің «Малайсары жалпы орта білім  
беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдырының өзін-өзі бағалау  
қорытындысы**

Малайсары ауылы, 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде Малайсары жалпы орта білім беру мектебі (бұдан әрі қарай Малайсары ЖОББМ) педагогикалық кеңестің 2025 жылғы 25 тамыздағы №1 хаттама қаулысына, мектептің 2024 жылғы 8 сәуірдегі «Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мен жүргізу туралы» № 1-05/44 н/қ бұйрығына сәйкес мектептің өзін-өзі бағалауы өткізілді.

Өзін-өзі бағалауды сапалы өткізу үшін комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

1. Жетыбаева А.А. – мектеп директоры, комиссия төрайымы;
2. Иманбаев Н.Б. – директордың ОІЖ орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Койлыбаева А.Т. – директордың ТІЖ орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Урюмова С.Р. – мекепке дейінгі ұйымның әдіскері, комиссия мүшесі;
5. Аушахманова Ж.Т. – мектеп психологі, комиссия мүшесі.
6. Уримова Л.К. – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі.
7. Тауова Г.Р. - хатшы

Малайсары ЖОББМ комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» № 12 бұйрығымен бекітілген бірыңғай тәсілмен ұсынылған өзін-өзі бағалаудың бағалау өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып іске асырды.

### **Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет**

**Білім беру ұйымының толық атауы:** Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Малайсары жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға мәртебесіне ие, Қазақстан Республикасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетін білім беру қызметтерін көрсету үшін жағдайлар жасауда мемлекеттік, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

**Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері):** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140806, Май ауданы, Малайсары ауылы, Абай көшесі, 14/1 құрылыс.

**Заңды тұлғаның байланыс электрондық поштасы** – [malaysary@mayoo.edu.kz](mailto:malaysary@mayoo.edu.kz)

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты- жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы):** мектеп директоры Жетыбаева Анар Ахметовна, Май ауданының білім беру бөлімінің 2016 жылдың 20 қазандағы, № 4-03/63 ж/қ бұйрығымен тағайындалды, байланыс телефоны: 87775214542.

**Құқық белгілейтін құжаттар:** Заңды тұлға мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 2021 жылғы 12 қаңтарда берілді (*алғашқы тіркеу күні 1999 жылғы 25 ақпан*). Бизнес-сәйкестендіру (БСН) нөмірі 990240005279. **Құрылтайшысы:** Павлодар облысының әкімдігі. «Павлодар облысы білім беру басқармасының, Май ауданы білім беру бөлімінің «Малайсары жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Павлодар облысының қаржы

басқармасының 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілді және 2021 жылғы 12 қаңтарда Ақсу қаласының ауданаралық әділет басқармасының заңды тұлғаны қайта мемлекеттік тіркеуінен өткізілді (*тіркеу ісі 599-1945-14-ММ*). Алғашқы тіркеу күні: *1999 жылғы 25 ақпан*.

**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).** «ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» ММ 2021 жылғы 20 ақпандағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметімен айналысуға № KZ21LAA00024364 лицензиясы және оған № 001 қосымшасы және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың хабарламаны қабылдау туралы № KZ25RVK00033017 талоны негізінде білім беру қызметімен айналысады (*берілген күні: 2021 жылғы 19 ақпан*).

Павлодар облысы әкімдігі. Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының 2013 жылғы 11 ақпандағы № 13001616 сериялы медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия және оған № 001 қосымшалары. Алғашқы тіркеу күні: 2013 жылғы 11 ақпан.

Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 4 қаңтардағы «Жария етілген құрылыс объектілерін пайдалануға енгізу бойынша қабылдау комиссиясының актілерін бекіту туралы» № 134 қаулысы және 1996 жылғы 04 желтоқсандағы жария етілген құрылыс объектілерін пайдалануға енгізу бойынша қабылдау комиссиясының акті негізінде жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) негізінде мектепті жедел басқару құқығында мынадай жылжымайтын мүлік объектілері бекітілді: ғимарат орналасқан мектеп ғимараты жер телімімен 1,3962 га пайдалану жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 14-210-071-090 литер А жалпы көлемі 4787 ш/м, құрылыс көлемі 2507,7 ш/м, жалпы көлемі 106,2 ш/м жылыжай, кадастрлық номері 14-210-071-090 литер А, қазандық, жалпы көлемі 190 ш/м, құрылыс көлемі 1292 ш/м, кадастрлық номері 14-210-071-090 литер А, мектепке дейінгі шағын орталық, жер телімімен 500 га пайдалану жер учаскесі, жалпы көлемі 241 ш/м. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін 2005 жылғы 17 маусымдағы № 0027853 АКТ-сі.

### **Малайсары ЖОББМ әкімшілігі туралы мәлімет.**

Мектеп директоры Жетыбаева Анар Ахметовна – педагог-зерттеуші, музыка пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 28 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Иманбаев Нуржан Берикович – педагог-сарапшы, тарих пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 15 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Койлыбаева Ардак Токтасыновна – педагог-зерттеуші, еңбек өтілі 22 жыл.

Малайсары ЖОББМ шағын жинақталған мектеп қатарында қызмет атқарып жатыр. Оқыту тілі: қазақша. 5 күндік оқу аптасымен бір ауысымда жұмыс істейді. Оқу процесі 8-30 басталып 14-30 аяқталады. Мектеп құрылымында мектеп жанындағы мектепке дейінгі шағын-орталық пен мектепалды сыныбы қызмет атқарады.

**Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Тиімді білім берутехнологиялар арқылы оқыту мен оқудағы оқушының пәндік сөз қорын молайтып, сөйлеу дағдыларын дамыту»**

Мектептің миссиясы аясында келесі міндеттер атқарылды.

- Мектептің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асуы;
- Жалпыға міндетті орта білімді оқыту стандартын іске асыру барысында оқыту мен тәрбиелеу үшін тиімді әдіс-тәсілдер енгізу;
- Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс нәтижелілігін жақсарту;
- Педагог кадрларды аттестаттауда әдістемелік жағынан қамтамасыз ету және оқу дағдыларын дамыту;
- Озық педагогикалық іс-тәжірибелерді таратуды іске асыру;
- Оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуін қамтамасыз ету және оқу дағдыларын дамыту;
- Мұғалімдер мен оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру және жақсарту;
- Оқушылардың оқу үрдісінде оқу дағдыларын, сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру;
- Жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына сіңіру.

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, меңгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келу, мектептен кету талондары, оқушылардың жеке істері, есеп карточкалары, негізгі орта мектеп курсы аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсы бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 «Білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

Малайсары ЖОББМ өзін-өзі бағалау бойынша 2023-2025 оқу жылында

атқарылған қызметтерге сандық және сапалық көрсеткіштеріне толық талдау төмендегідей анықтама беріледі.

### Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің талдауы

«Малайсары жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі «Күншуақ» шағын орталық пен 1 мектепалды сыныбы қызмет атқарды, оқыту тілі қазақша.

Мектепке дейінгі шағын-орталық (бұдан әрі қарай ШО) қызметін автоматтандыру “balabaqsha snation.kz” порталы арқылы жүзеге асырылады. Балалардың ШО келуі “balabaqsha snation.kz” порталының жолдамасы бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс ресімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы ШО қабылдау туралы ата-ананың өтініші, ШО мен ата-аналар арасындағы шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы жинақталады. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істерді жүргізу құжаттары жасақталды. Бағыттарды тіркеу журналдары, балалардың қозғалысын тіркеу кітабы, балалар қозғалысы және топқа отырғызу бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі.

ШО-да тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерімен құрылған «Жұлдызша» аралас топ және «Балбөбек» аралас топ қызмет атқарады, ондағы мектепке дейінгі оқумен және тәрбиеленумен 20 бала қамтылды. Топтардың жұмыс тәртібі мектепшілік күн тәртібі ережесінде бекітілгендей сағат 8.30-ден басталып 17.30-де аяқталады.

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін сипаттасақ (оқу жылының соңында): Ерте жас – 2 , Кіші жас- 4 , Ортаңғы жас-4 , Ересек жас –10 тәрбиеленуші тәрбие алуда. «Балбөбек» аралас тобында 1-2 жастағы, «Жұлдызша» аралас тобында 3- 4 жас аралығындағы балалар қамтылған.

### ШО-дағы тәрбиеленушілерді жас ерекшеліктері бойынша үлестіру

Топтағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері	2023-2024	2024-2025	2025 – 2026
Ерте жас 1 жастан бастап	3	4	2
Кіші жас 2 жастан бастап	8	5	4
Ортаңғы жас 3 жастан бастап	14	7	4
Ересек жас 4 жастан бастап	6	12	10
<b>Барлығы</b>	<b>31</b>	<b>28</b>	

Кесте негізінде қорытынды жасасақ 2023-2024 оқу жылына қарағанда 2025-2026 оқу жылында тәрбиеленушілер саны 11 балаға аз екендігін көруге болады. Бұл 30% ға төмендегенін көрсетеді.

### Тәрбиеленушілерді жынысы бойынша үлестіру

Жынысы	2023-2024	%	2024 – 2025	%	2025 – 2026	%
ұлдар	13	42	11	39	9	45
қыздар	18	58	17	61	11	55

**Қорытынды:** Өткен жылмен салыстырғанда қыздар мен ұлдардың сандық көрсеткіші азайғаны байқалады.

### МАД тәрбиеленушілерінің жас ерекшеліктері

Топтағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері	2023-2024	2024-2025	2025 – 2026
5 жастағы	5	6	12
<b>Барлығы</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>12</b>

Кесте көрсеткішіне сәйкес 2023-2024 оқу жылындағы бала санына қарағанда 2024-2025 оқу жылында 1 балаға және 2025- 2026 оқу жылында 6 балаға өсу динамикасын көрсетіп тұр. Дегенмен де, Малайсары ауылындағы жас нәрестелердің дүниеге келу қарқыны жылма- жыл төмен тенденцияға қарай қалыптасып келеді. 3 жылдық талдау бойынша жылма-жыл мектепалды сыныбына 5 жасқа толған балалар қабылдану үстінде.

### Мектепке дейінгі жасындағы ерекше білім беру қажеттілігінің талдауы

Малайсары ЖОББМ жанындағы «Күншуақ» шағын орталықта 2025-2026 оқу жылында 1 тәрбиеленуші (5 жаста) ерекше білімді қажет ететін бала тәрбиеленуде. ПМПК – дан қортынды анықтамасы бар. Бұл балаға бағдарлама, перспективалық жоспар, циклограмма құрылған. Мектепалды сыныбындағы (бұдан әрі қарай МАД) 5 жастағы тәрбиеленушілер арасында ерекше білімді қажет ететін бала тіркелмеген.

### Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің базалық деңгейі

Малайсары ЖОББМ жанындағы ШО пен мектепалды даярлық сыныбының оқу-әдістемелік жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық құжаттарымен бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, іске асырылады.

Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде төмендегі базалық құжаттар басшылыққа алынды:

1. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі МЖМБС) № 348 бұйрығы;

2. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» № 499 бұйрығы;

4. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 557 бұйрығы (*өзгертулер мен толықтыру 16.01.2025 жылғы №7 I қосымша*).

МАД бойынша апталық жүктемесі – 20 сағат. МАД сыныбында ҰОҚ 20-25 минутты құрайды.

МАД сыныбы бойынша сабақ кестесі құрылған, Kundelik.kz электронды журнал жүйесін қолдануда, уақытылы толтырылған. ШО мен МАД сыныбы бойынша құрылған перспективтік жоспар сабақ кестесімен сәйкес келеді, сабақ тақырыбы мен міндеті көрсетілген. Ұйымдастырылған іс - әрекет барысына арналған циклограммалары құрылған, жоспарға сәйкес келеді.

2025-2026 оқу жылы ұйымдастырылған білім беру дағдылары және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС және МДТО ҰОЖ талаптарына сәйкес жүргізілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған міндеттерге қол жеткізуде коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын меңгерту, тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру көзделген мақсаттар бағдарламадағы оқу мақсаттарына сәйкес келеді.

МДТО ҰОБ-на сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін, бес білім беру дағдысына «Физикалық дамуы», «Коммуникативтік», «Танымдық және зияткерлік», «Шығармашылық»,

«Әлеуметтік-эмоционалдық» негізделген пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған.

Заттық - кеңістік дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Денсаулық бұрышы, табиғат бұрышы, мобильді кітапхана, бес білім беру дағдысы бойынша заттық-кеңістік дамытушы орта құрылып, жабдықталған. Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы орта құру, талапқа сай жабдықталған, эстетикалық талғамға сай. Балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, ұсынылған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің бейнематериалынан көрініс тапты. Қимыл-қозғалыс ойындар құралдары, оқу-тәрбие процесіне пайдаланатын көрнекіліктер мен үлестірмелі дидактикалық материалдар жасалған.

Тәрбиелеу және оқыту үдерісі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін қамтамасыз ететін перспективтік жоспар, циклограмма арқылы жүзеге асырылды.

ШО мен МАД сыныбындағы перспективтік жоспар мен циклограмма мазмұны талаптарға сай құрылған.

Тәрбиеленушілердің МЖМБС менгеру деңгейінің бастапқы, аралық және қорытынды мониторингісін жүргізу барысында тәрбиеленушілердің алғашқы жетістіктері қадағаланды. Нәтижелер «бақылау парағында» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы жасалған. Мониторинг нәтижелері бойынша орташа, төмен даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізу жоспарлары іске асырылған. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс- шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен пән мамандары мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырған. ШО мен МАД бағалау критериясына сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілген. Мониторинг арқылы баланың жетістіктерін бақылау, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде оқыту барысын жетілдіру, баланың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау жолдарын қарастырып іске асырғаны анықталды.

2025-2026 оқу жылдарында МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында перспективтік жоспар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін ескере отырып жасақталған.

Циклограмма әр апта сайын жасалған. Балаларды қабылдаудан бастап, олардың әртүрлі іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуі барлық режимдік талаптардың орындалуы қамтамасыз етілген.

МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында ШО және МАД сыныбының перспективтік жоспары, циклограммасы, сабақ және күн тәртібінің кестелері мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілген және қамқоршылық кеңесімен келісілген.

2025-2026 оқу жылында МДТО ұйымдастыру кезінде тәрбиешілер мен педагогтер 499 (өзгертулерімен 412) бұйрығы басшылыққа алынып іске асырылған. Ұйымдастырылған іс- әрекет барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып: ойын арқылы оқыту, балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету) бағыттарын орындағаны анықталды. МДТО ұйымдастыруда ШО және МАД тәрбиеленушілерінің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілгені байқалады.

#### **Мектепке дейінгі ШО және МАД педагогтерінің құрамы**

<b>Оқу жылдары</b>	<b>Педагогтер саны</b>		
	<b>ШО</b>	<b>МАД</b>	<b>%</b>
2023-2024	4	1	100
2024-2025	3	1	100
2025-2026	3	1	100

2025-2026 оқу жылдары бойынша педагогтердің сапалық құрамын қарастырсақ төмендегі жағдайды көруге болады. 2025-2026 оқу жылында ШО мен МАД тәрбиешілерінің саны – 4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша арнаулы орта (3 тәрбиеші) 75 пайыз, жоғары білімді (1 тәрбиеші) 25 пайыз.

Балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер кәсіби құзыреттілігі жоғары, кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады, мектепке дейінгі тәрбие әдістерін жетік меңгерген. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

### Қорытынды:

Малайсары ЖОББМ жанындағы мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді оқуға сапалы дайындау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Балалар дауыстап қиялдай алады, дыбыстармен және сөздермен ойнай алады. Олар ауызша сөйлеуді жақсы түсінеді, өз ойын, тілектерін анық жеткізеді. Балалардың жалпы және ұсақ моторикасы дамыған. Балалар әртүрлі іс-әрекеттерде, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен ережелерін, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және жеке бас гигиена ережелерін жақсы меңгерген, қызығушылық танытады, жақын және алыстағы заттар мен құбылыстар туралы сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, бақылауға, тәжірибе жасауға бейім.

### 2023-2025 жылдар аралығында өткізілген орта білім беру үдерісінің қорытындысына талдау

Малайсары ЖОББМ шағын жинақталған мектептер қатарында қызмет атқарады. Оқыту тілі– қазақша. 2024-2025 оқу жылының басында 91, 2025-2026 оқу жылының басында-89 оқушы және МАД – 12 тәрбиеленуші, 11 сынып-комплект болды (МАД сыныбын қоса алғанда 12 сынып-комплект). Сыныптың оқушылармен орташа толымдылығы 8 оқушыны құрайды. Оқытудың бастауыш сатысында 1-4 сынып – (4 сынып-комплект) – 33, негізгі сатысында 5-9 сыныптар-45 оқушы (5 сынып-комплект). 10-11 сыныптар-11 оқушы.

Сынып- комплект						
Оқу жылы	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	1-11 сынып	0- сынып	0-11 сынып
2023-2024	4	5	1	10	1	11
2024-2025	4	5	2	11	1	12
2025-2026	4	5	2	11	1	12

### Білім алушылар контингентінің құрылымы.

Р/с №	Контингент құрылымы	1-4	5-9	10-	Барлығы
1	Білім алушылар саны	33	45	11	89
2	Жалпы сыныптар саны/ білім	4/33	5/45	2/11	11/89

алушылар саны				
---------------	--	--	--	--

### 3 жыл көлеміндегі оқушылар саны.

Оқу жылы	1-4	5-9	10-11	1-11	МАД	0-11 сынып
2023-2024	42	44	7	93	5	98
2024-2025	34	43	14	92	6	97
2025-2026	33	45	11	89	12	101

### Мектеп контингентінің сақталуы

Оқу жылы басындағы және аяғындағы көрсеткіш	Оқушылар саны		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Оқу жылының басында	93	92	89
Оқу жылының аяғында	89	91	

Жоғарыдағы көрсеткіштер негізінде Малайсары ЖОББМ 3 жыл ішінде оқушылардың саны 4 балаға азайғанын тұжырымдауға болады. 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың саны жыл басынан (*кеткен оқушы 4, келген оқушылар 3*) тұрақты еместігін көрсетеді.

**Қорытынды:** Малайсары ЖОББМ шағын жинақталған мектеп. Жылма-жыл оқушылардың саны төмендеу динамикасын көрсетіп отырады. Осымен байланысты сынып-комплекттерінің саны да төмендеді. 3 жылдағы сынып санын салыстырғанда сынып-комплекттерінің саны 1-10 сыныптар аралығында тұрақты болса, 10-11 сыныптар арасында 1 сыныпқа азайғанын көруге болады. Соңғы 2 жыл ішінде 9-сынып түлектері білімдерін колледждерге түсіп оқуларын жалғастыруда.

**Шешу жолдары:** Мектеп басшылары, педұжым және 9-сынып ата-аналарымен ынтымақтастық құру арқылы білім алушылардың мектептегі білімді таңдау мәселесін тиімді шешу. 2025-2026 оқу жылында 9-сыныпты аяқтауда 6 түлек коллежде білім алуға, қалғаны 4 оқушы 10 сыныпты жалғастыруға ниеттеніп отыр. 2025-2026 оқу жылында 11-сынып-комплектін ашу жағдайы қарастырылып, бекітіледі. Осылайша мектептегі сынып-комплетісі 1 сыныпқа артады бұл мектеп қызметінің ұтымды жағы деп анықтауға болады.

Оқушылар санының және сынып – комплекттерінің санының арту үшін мектеп басшыларымен оқушылардың ата-аналары арасында мектепті қолдау ынтымақтастығы жан-жақты даму үстінде.

Малайсары ЖОББМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарында

білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» № 472 бұйрыққа сәйкес әрбір білім алушыға оқушының жеке іс құжаттарын рәсімдейді, әліпби кітабіна енгізуді бақылауда ұстайды.

Оқушылардың келуі мен кетуі мектеп бұйрығымен, сондай-ақ ҰБДҚ және «Kundelik KZ» электрондық жүйелерінде тіркеледі.

### 2023-2025 оқу жылдарының білім сапасы мен үлгерімі:

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылардың білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет - білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту іске асырылды. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп бойынша үлгерім 100%, білім сапасы 65% болды. Үлгермейтін оқушылар жоқ.

Оқу жылы	Үздіктер					Екпінділер				
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жыл	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жыл
2023-2024	21	21	21	20	<b>22</b>	22	22	25	27	<b>25</b>
2024-2025	21	21	23	23	<b>23</b>	25	28	29	32	<b>31</b>
2025-2026										

### 3 жылдағы оқушылардың білім сапасы

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	% үлгерімі	% білім сапасы	2-4 сыныптар		5-9 сынып		10-11 сынып	
				үлгерімі	сапасы	үлгерімі	сапасы	үлгерімі	сапасы
2023-2024	89	100	57	100	51	100	56	100	71
2024-2025	91	100	65	100	60	100	59	100	93
2025-2026									

Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімін талдай отырып, 3 жыл ішінде үздіктер мен екпінділер саны көбейген. Бұл мұғалімдердің жоғары кәсіби дайындықтарын, сонымен қатар инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибесін жетілдіруді талап етеді. Мектеп ұстаздары сабақ үрдісінде сабақты зерттеу технологиясын қолдану белсенділігін артыру қажет. Осылайша үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар санын артуға септігі болады.

## Негізгі және орта білім бойынша білім алушыларды аттестаттау

Оқу жылының соңындағы 9-сыныпты бітірген оқушы саны			Оның ішінде								
			Мектепті бітірген оқушы саны			Үздік аттестатқа бітірген оқушы саны			Мектепті «4» пен «5»-ке бітірген оқушылар саны		
2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026
12	10		12	6		3	0		7	5	

Талдау көрсеткендей, негізгі саты түлектерінің саны 2 балаға кеміді. Оқушылардың білім көрсету деңгейі 2024-2025 оқу жылына (білім сапасы 75%) қарағанда тұрақты көрсеткішті көрсеткені байқалады.

### Жалпы орта білім алған түлектер

Оқу жылының соңындағы 11-сынып оқушылар саны			Оның ішінде											
			Аттестат алған оқушы саны			«Алтын белгі» иегерлерінің саны			Үздік аттестат иегерлері			Мектепті «4», «5»-ке бітірген оқушы саны		
2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026
0	6		0	6		0	1		0	0		0	6	

**Қорытынды:** 2024-2025 оқу жылында жалпы орта білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 65% құрады.

**Мәселе:** негізгі және жоғары деңгейдегі білім сапасының оңтайлы деңгейден көрсетті. Бұл сыныпты басқарудағы және білім сапасындағы мәселелердің оң шешілуі, пән мұғалімінің ынтасы жоғары және оқуға мотивациясы жоғары балаларға жеке, сараланған жұмыс жоспарын жүйелі пайдалану дағдысы қалысқанын байқатады. 2023-2024 оқу жылында жоғары буын сыныптарының болмауы үлкен мәселе тудыруда.

**Шешу жолдары:** жоғарыда атап көрсетілген қорытынға сүйенсек, оқушыларды негізгі буыннан жоғары буынға өтуіне мотивация тудыру, 11-сыныпты аяқтату мәселесін ата-аналармен бірлесіп, шешімін табу. Сондай-ақ, білім сапасының көрсеткішін бастауыш буыннан негізгі буынға ауысу кезіндегі физиологиялық-психологиялық ерекшеліктерін, білім деңгейі төмен оқушылардың мотивациясының әлсіздігін ескере отырып, білім деңгейін жоғарылату жолында іске асыру көзделді. пән мұғалімдерінің сабаққа әдістемелік дайындығын күшейту, жаңартылған мазмұн жағдайында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, ынталары нашар

оқушылар арасындағы олқылықтарды жою жұмыстарын жалғастыру.

## **2022-2025 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ**

### **Өзекті мәселесі:**

Критериалды бағалау - бірлескен жұмыс дағдыларын дамыту және оқуға деген ынтаны арттыру факторы.

### **Мақсаты:**

Малайсары ЖОББМ білім алушыларын мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім стандартына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұнына сай келетін нақты білім беру, оқытудың әдіс – тәсілдерін тиімді қолдану арқылы оқушының өз бетінше іздену әрекеттерін ұйымдастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, білім сапасын арттыру, және тұрақты кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіру үшін жағдай жасау көзделді.

### **Міндеттері:**

1. Дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау арқылы оқушылардың оқу деңгейін сапалы арттыру, сондай-ақ оқушылардың білім беру прогресін жүйелі өлшеу, әрқайсысының жетістіктерін объективті бағалау;
2. Заманауи педагогикалық технологияларды зерделеуді жалғастыру және оларды практикаға белсенді енгізу;
3. Қалыптастырушы бағалаудың жаңа стратегияларын, әдістері мен тәсілдерін зерттеу және енгізу;
4. Жаңартылған білім беру мазмұнымен, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналармен ағарту жұмыстарын жалғастыру, оларды оқыту нәтижелерімен және оқушылардың жетістіктерімен жүйелі түрде таныстыру;
5. Оқу құрал, кітапты күтіп ұстауға, кешікпеуге, сабақтан қалмауға дағдыландыру;
6. Қалыптастырушы бағалаудың оңтайлы стратегиялары мен әдістерінің банкін құру;
7. ББЖМ, TIMSS, PIRLS Халықаралық зерттеулері аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру;
8. Мұғалімдердің кәсіби педагогикалық біліктілігін көтеру;
9. Сабақтар мен шараларды өткізу сапасын қадағалау.

### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқыту үдерісінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданады;
2. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады;
3. Оқушылардың шығармашылықпен айналысуына бағыт-бағдар береді;
4. Білім сапасын жоғары деңгейге көтеру жолдары айқындалады.

Жоғарыда аталған міндеттерді орындау барысында білім беру үрдісінің сапасы мен оның нәтижесіне жету үшін стандарт, бағдарлама, оқулық, әдістемелік кешендерді басшылыққа алу қажеттілігі ескеріліп, әдістемелік отырыстарында бастауыш сынып мұғалімдері Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2025-2026 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген әдістемелік ұсынымдарға негізделі отырып

жұмыстарын жоспарлап атқарды. Алға қойылған мақсат- міндеттерді атқару үшін жылдық, айлық, апталық жоспар бекітіліп, құрылды.

Бастауыш сынып ӘБ құрамында 4 мұғалім.

### **Базалық 1-4 бастауыш білім беру деңгейін талдау**

Малайсары ЖОББМ 2023, 2024, 2025 жылдары мектептің жұмыстық оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірледі.

2025-2026 оқу жылында мектеп тарапынан білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алынды және оқу-тәрбие үрдісін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) № 348 бұйрығы (өзгерістер 23.09.2022 ж. №406);

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығының ( ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 08 ақпандағы № 27 бұйрығының № 1 қосымшасы);

ҚР ОАМ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 16.09.2022 ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. №467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен өзгерістерімен;

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау туралы» әдістемелік ұсынымдар;

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт - сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 Қаулысы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығы (*өзгертулер мен толықтыру 30.04.2025 жылғы №98*).

ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» № 216 бұйрығы (өзгерістер ҚР ОАМ 2023 жылғы 22 мамырдағы №140 бұйрығымен, жаңа редакцияда – ҚР ОАМ 2023 жылғы 3 шілдедегі №194 бұйрығымен);

ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге туралы» № 334 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» № 391 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығымен енгізілген);

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» № 292 бұйрығы

### 6 жастан бастап 1 сыныпқа қабылдау

1 сыныпқа қабылдау	2023-2024	2024-2025	2025-2026
МАД-тан келген	6	6	7
Мектепке дейінгі дайындығы жоқ балалар	0	0	0

2023-2025 оқу жылдарында ата-аналардың қалауы бойынша мектеп жасындағы балаларды 6 жастан бастап 1-сыныпқа қабылдау «snation.kz» порталы арқылы жүзеге асырылды. Кесте көрсеткіштеріне сүйенсек 1-сыныпқа келген балалар саны 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 2025-2026 оқу жылында 1 есеге өскені анықталды.

Жылма-жыл 1-сыныпқа қабылданатын балалардың 100% -ы мектепке дейінгі дайындықты тәмәмдап келген балалар.

### 3 жыл аралығындағы оқушы саны

1-4	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Оқушы саны	39	34	33

Малайсары ЖОББМ қазақ тілінде қызмет атқарады. 2025-2026 оқу жылы бастауыш сатыдағы оқушылар саны 6 оқушыға төмендеді.

### **2022-2025 оқу жылдары аралығындағы 1-4-сынып оқушыларының білім сапасы**

Мектептегі бастауыш сатыдағы білім беру жүйесінің негізгі нәтижелері 1-4 сынып білім алушыларының білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет- білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту болып табылады. 2023-2024 оқу жылынан бастап 1-4 сынып оқушыларының білім көрсету қорытындысы бойынша үлгерімі 100%, білім сапасы 51% - ден 60% - ға жоғарлағаны анықталды. Үлгермейтін оқушы жоқ. 3 жылдық талдау көрсеткішіне сәйкес жыл сайын білім сапасының төмендеп келе жатқанын көруге болады.

#### **1-4 сыныптар бойынша білім сапасы (3 жыл)**

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	1-4 классы	
		Үлгерімі	Білім сапасы
202-2024	39	100	51
2024-2025	34	100	60
2025-2026	33		

#### **2022-2025 оқу жылындағы оқу озаттары мен екпінділер саны**

Сыныптар	2023-2024		2024-2025		2025-2026	
	озаттар	Екпінді	озаттар	Екпінді	озаттар	Екпінді
1-4	10	7	8	7		

Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімін талдай отырып, үш жыл ішінде үздіктер мен екпінділер саны кемігендігін көрсетеді. Үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізу мәселесі тоқсан сайын ата-ананың, оқушының, мұғалімнің бірлескен ұжымдық жұмысы ғана қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін көрсетті.

#### **Оқу бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаттары:**

-жаңартылған білім беру мазмұнын жетілдіру, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету;

-оқушы тұлғасының даралығына, бірегейлігіне, өзіндік ерекшелігінің қалыптасуы мен дамуы;

-білім беру үдерісін ақпараттандыру деңгейін және мұғалімдер меноқушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру;

-оқу жоспарының инварианттық және вариативтік бөліктерінің, сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарының бір-бірін толықтыруын қамтамасыз ету;

Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді.

-бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;

-оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оқу процесінің әртүрлі формаларының тиімді үйлесімін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекетін қамтамасыз ету;

-оқушылардың, оның ішінде дарынды балалардың қабілеттерін анықтау және дамыту;

-оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау және нығайту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

### Бастауыш инварианттық пәндер бойынша үлгерім 2- сынып

Пәндер	2023-2024		2024-2025		2025-2026		Өзгеріс динамикасы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	50%	100	50%			-
Әдебиеттік оқу	100	50%	100	50%			-
Математика	100	50%	100	50%			-
Жаратылыстану	100	60%	100	50%			-10
Дүниетану	100	70%	100	50%			-20
Орыс тілі	100	60%	100	50%			-10
Ағыл тілі	100	80%	-	-			-
АКТ	-	-	-	-			-

Бұл кестедегі көрсеткішке сүйенсек жылма-жыл үлгерім 100% көрсетіп тұрғанын көруге болады. Білім сапасын 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика пәндерінде динамика бір қалыпты өзгеріссіз. Дүниетану, жаратылыстану және ағылшын тілінен пайыздық төмендеуді көруге болады. Сабақта түрлі әдіс- тәсілдері қолданып, 2-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту қажет.

### 3-сынып

Пәндер	2023-2024		2024-2025		2025-2026		Өзгеріс динамикасы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	78%	100	50%			-28
Әдебиеттік оқу	100	67%	100	50%			-17
Математика	100	78%	100	50%			-28
Жаратылыстану	100	78%	100	90%			+12
Дүниетану	100	78%	100	90%			+12
Орыс тілі	100	78%	100	50%			-28
Ағыл тілі	100	78%	100	70%			-8
АКТ							

2022-2025 жылдары бойынша 3 сынып оқушыларының үлгерімі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 78%-дан 50%-ға, әдебиеттік оқу пәнінен 67%-дан 50%-ға, математика пәнінен 78%-дан 50%-ға, орыс тілі пәнінен 78%-ден 50%-ға төмендегені байқалады. Жаратылыстану, дүниетану пәндерінен өсім байқалады. Жалпы мектептегі 3-сынып оқушыларының

инвариативтік пәндер бойынша білімді қабылдау деңгейі, оның ішінде есеп шығару, оқу, жазу сауаттылығының өсу динамикасын байқауға болады.

#### 4-сынып

Пәндер	2023-2024		2024-2025		2025-2026		Өзгеріс динамик асы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	64%	100	78%			+14
Әдебиеттік оқу	100	64%	100	78%			+14
Математика	100	57%	100	78%			+14
Жаратылыстану	100	78%	100	78%			-
Дүниетану	100	71%	100	78%			+7
Орыс тілі	100	64%	100	78%			+14
Ағылшын тілі	100	50%	100	78%			+28
Циф сау	-	-	-	-	-	-	-

2023-2025 жылдар аралығында оқушылардың үлгерім деңгейі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 64% -дан 78%-ға, әдебиеттік оқудан 64%-дан 78%-ға, математикан 57%-дан 78%-ға, жаратылыстанудан 78%-дан 78%-ға, дүниетану пәнінен 71%-ден 78%-ға, орыс тілі пәнінен 64%-дан 78%-ға, ағылшын тілі пәнінен 50%-дан 78%-ға өскендігі байқалады. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдері қолдана отырып, 4-сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту жолдарын айқындап, нәтижелі деңгейге көтеру қажеттілігі әлі бар.

#### 1-4 сыныптар бойынша вариативтік сағаттар үлесі

Оқу жылы	1-4	Оқыту тілі	Таңдау пәндері	Барлығы
2023-2024	1-сынып	қазақша	Көркем жазу	1
	2-сынып	қазақша	Математика шыңы	1
	3-сынып	қазақша	Қызықты грамматика	1
	4-сынып	қазақша	Оқу сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары	
<b>барлығы</b>				<b>3</b>
2024-2025	1-сынып	қазақша	Әсерлі әліппе	1
	2-сынып	қазақша	Қызықты математика	1
	2-сынып	қазақша	Тіл таным	1

	3-сынып	қазақша	ҚЫЗЫҚТЫ қазақ тілі	1
<b>барлығы</b>				<b>4</b>
2025-2026	1-сынып	қазақша	Грамматика әлемі	1
	2-сынып	қазақша	Математика және логика	1
	2-сынып	қазақша	Тіл таным	1
	3-сынып	қазақша	ҚЫЗЫҚТЫ математика	1
	4-сынып	қазақша	Сөз сыры	1
	<b>барлығы</b>			<b>5</b>

2022-2025 оқу жылдарында 1-4 сыныптар бойынша тандау пәндері сабақ кестеге сәйкес уақытында жүргізіледі. Пән мұғалімдері оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім-білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін арттырып, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамытуда.

**Бастауыш сыныптарда үй тапсырмасын орындау талдауы  
2023-2024 оқу жылында үй тапсырмасын орындау кестесі**

<b>Пәндер</b>	<b>2 сынып</b>	<b>3 сынып</b>	<b>4 сынып</b>
Орыс тілі	17 мин	20 мин	21 мин
Математика	16 мин	20 мин	20 мин
Әдебиеттік оқу	12 мин	20 мин	20 мин
Дүниетану	10 мин	9 мин	9 мин
Жаратылыстану	10 мин	8 мин	8 мин
Ағылшын тілі	14 мин	15 мин	15 мин
Қазақ тілі	12 мин	18 мин	18 мин

**2024-2025 оқу жылында үй тапсырмасын орындау кестесі**

<b>Пәндер</b>	<b>2 сынып</b>	<b>3 сынып</b>	<b>4 сынып</b>
Орыс тілі	17 мин	20 мин	21 мин
Математика	16 мин	20 мин	20 мин
Әдебиеттік оқу	12 мин	20 мин	20 мин
Дүниетану	10 мин	9 мин	9 мин
Жаратылыстану	10 мин	8 мин	8 мин
Ағылшын тілі	14 мин	15 мин	15 мин
Қазақ тілі	12 мин	18 мин	18 мин

**2025-2026 оқу жылында үй тапсырмасын орындау кестесі**

<b>Пәндер</b>	<b>2 сынып</b>	<b>3 сынып</b>	<b>4 сынып</b>
---------------	----------------	----------------	----------------

Орыс тілі	17 мин	20 мин	21 мин
Математика	16 мин	20 мин	20 мин
Әдебиеттік оқу	12 мин	20 мин	20 мин
Дүниетану	10 мин	9 мин	9 мин
Жаратылыстану	10 мин	8 мин	8 мин
Ағылшын тілі	14 мин	15 мин	15 мин
Қазақ тілі	12 мин	18 мин	18 мин

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 Бұйрығымен Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Осы бұйрықтың негізгі талаптарын орындау мәселесі Малайсары ЖОББМ бойынша төмендегідей шешуін тапты.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау бойынша ұсыныстарға сәйкес 2-сыныпта – 50 минут, 3-4 сыныптарда – 70 минутан іске асырылды.

I,II жартыжылдықта 1- сынып оқушыларына оқу жаттығуларынан басқа үй тапсырмалары берілген жоқ.

Демалыс уақыты мен мереке күндері жалпы даму, жобалық жұмыс үшін көркем, қосымша әдебиеттерді оқу бойынша тапсырмалар берілді. Бастауыш сынып мұғалімдері тарапынан бақылау жұмыстарын жүргізгеннен кейін үй тапсырмасын беру ұсынылмады.

Бейнелеу өнері, Көркем еңбек, Музыка, жаһандық құзыреттілі бойынша үй тапсырмасы басқа пәндермен интеграциялау арқылы іске асырылып отырды.

1-4 сынып оқушыларының жеке психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып үй тапсырмасы сабақтың әртүрлі (үй тапсырмасын тексеру (ең сирек жағдай көлемінде), жаңа материалды зерттеу, бекіту, сабақты қорытындылау) кезеңдерінде берілді. Сабақтағы өткен және үйге берілген оқу материалдарының көлемі 20-25% -дан асырылмай пәнге, жасқа сәйкес орындалып отырды.

Бастауыш сынып мұғалімдері үй тапсырмасының нысаны мен мазмұнын ауызша, жазбаша тапсырмалары нұсқаулықта берілген талаптарға сәйкес беріп отырды.

Сол сияқты қазақ (орыс) тілі мен математикадан тақырыптарды бекіту және білімді бақылау, дүниетануға, жаратылыстануға және әдебиеттік оқуға дағдыларын дамытуға, ойлау қабілетті кеңейтуге тапсырмалар талапқа сәйкес өткізеді.

Әртүрлі жаттығулар негізінде оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттыру тапсырмаларын визуалды (мысалы, көру жаттығуларын орындау кезінде), есту (ауызша әңгіме құрастыру кезінде), логикалық (зерттелген материалға схеманы жобалау кезінде), бейнелі және эмоционалды (тақырыпты, құбылысты ауызша сипаттау кезінде) пайдалану түрлері іске асырылып отырды.

Үй тапсырмасын ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері: оқушыларды сабақ аясында үй тапсырмасы туралы қоңырауға дейін хабардар етеді. Үй тапсырмасын орындау үшін егжей-тегжейлі түсініктеме беруді ұмытпаңыз. Үй тапсырмаларының әртүрлі түрлерін оларды ұйымдастыруға сәйкес біріктіреді: сараланған; жеке; жұптасқан және топтық; шығармашылық; бүкіл сыныпқа бір. Олар жұмыстың болуын ғана емес, сонымен бірге оны орындау сапасын да тексереді, оқушылармен бірге қателіктер мен сәтті жұмыстарды талдайды. Оқушыларды үй тапсырмаларын орындауға ынталандыру үшін

мұғалімдер журналға оң қалыптастырушы бағаларды қояды, басқа оқушылар алдында табысты көрсетеді, ауызша көтермелейді, шығармашылық сипаттағы жұмыстар көпшілік назарына ұсыну үшін сыныптағы стендке ілінеді.

Оқушылар үй тапсырмасын дайындау үшін ең көп уақытты келесі пәндерге жұмсайды: математика, қазақ тілі және ағылшын тілі.

### **Қорытынды:**

Пән мұғалімдері үй тапсырмаларын жүйелі түрде саралайды, үй тапсырмасын тексеру үшін компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдаланады. Пән мұғалімдері ауызша пәндер бойынша үй тапсырмаларын орындауға назар аударады. Шығармашылық тапсырмалар, мүмкін болса, бірнеше күнге беріледі және келесі күні олардың нақты орындалуын пән мұғалімдері талап етпейді. Жазбаша үй жұмысының көлемі сыныпта орындалған жұмыс көлемінің үшінші бөлігінен аспайды. Міндетті түрде үй тапсырмасы, оның көлемінің мөлшері сараланған. Мұғалімдер үй тапсырмасы мазмұнының сабақ мазмұнына қатынасы мен сәйкестігіне, жеке ерекшеліктер мен медициналық көрсеткіштерді ескере отырып, үй тапсырмаларының оңтайлы көлеміне, үй тапсырмалары көлемінің уақыт шығындарының сәйкестігіне барынша назар аударады. Сынып жетекшілері ата-аналар жиналыстарында Санпиннің нормаларымен, үй тапсырмасын орындауға арналған кеңестермен, үлгілі режиммен тоқсан сайын жоспар бойынша өтікізілетін ата-ана жиналысында таныстырып отырады.

## **2024-2025 оқу жылдары аралығында 5-11- сыныптар бойынша базалық деңгейі**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 74 бұйрығының № 6 қосымшасы

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 ж. № 399 бұйрығы 21.11.2022 ж. №467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістер;

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау туралы» әдістемелік ұсынымдар;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығы (*өзгертулер мен толықтыру 30.04.2025 жылғы № 98*).

ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» № 216 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №194 бұйрығымен);

ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге туралы» № 334 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» № 391 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығымен енгізілген);

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы;

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 Қаулысы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» № 292 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы).

### **2022-2025 оқу жылдары бойынша**

#### **оқу бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаттары**

-жаңартылған мазмұн жағдайында білім беру мазмұнын жетілдіру, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету;

-қоғамдық-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша білім алушыларды қосымша оқытуды қамтамасыз ететін басым бағыттар бойынша мазмұнды кеңейту және тереңдету;

-оқушы тұлғасының даралығына, өзіндік ерекшелігіне, бірегейлігіне, өзіндік ерекшелігіне қалыптасуы мен дамуы;

-оқушыларды функционалдық сауаттылыққа, өз бетінше және зерттеу жұмыстарына бағыттау;

-білім беру үдерісін ақпараттандыру деңгейін және мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру;

-жұмыстың оқу жоспарының инвариантты және вариативті бөліктерінің,

сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарының бірін-бірі толықтыруын қамтамасыз ету.

**Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді**

-бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;

-негізгі жалпы және жалпы орта білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

-оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оқу процесінің әртүрлі формаларының тиімді үйлесімін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекетін қамтамасыз ету;

-оқушылардың, оның ішінде дарынды балалардың қабілеттерін анықтау және дамыту.

Оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау және нығайту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**Негізгі пәндер бойынша инварианттық пәндері бойынша үлгерім**

Пәндер	2023-2024		2024-2025		2025-2026	
	Үлге рiм	Сапа	Үлге рiм	Сапа	Үлге рiм	Сапа
Қазақ тілі	100	72%	100	71%		
Қазақ әдебиеті	100	77%	100	75%		
Орыс тілі мен әдебиеті	100	77%	100	75%		
Математика	100	62%	100	66%		
Геометрия	100	65%	100	73%		
Информатика	100	96%	100	98%		
Шет тілі	100	70%	100	80%		
Биология	100	85%	100	97%		
Химия	100	68%	100	92%		
Физика	100	73%	100	84%		
Дүниежүзі тану	100	86%	100	88%		
Қазақстан тарихы	100	84%	100	83%		
Құқық негіздері	100	100%	100	92%		
География , жаратылыста ну	100	77%	100	87%		

2023-2025 жылдар аралығында 5-11 сынып оқушыларының үлгерім деңгейі 100% көлемінде. Білім сапасы 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 72% -дан 71%-ға, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 77% -дан 75%-ға

математика 62%-дан 66%-ға, геометриядан 65%-дан 73%-ға, ағылшын тілі пәнінен 70%-дан 80%-ға, биологиядан 85%-дан 97%-ға, химиядан 68%-дан 92%-ға, физикадан 73%-дан 84%-ға, дүниежүзі тарихынан 86%-дан 88%-ға, Қазақстан тарихынан 84%-дан 83%-ға жоғарлағаны байқалады. Оқушыларының функционалды сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту жолдарын айқындап, нәтижелі деңгейге көтеру қажеттілігі әлі бар деп анықталды.

### **Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушылардың қатысу, тіркелу, жұмыстарын жүргізудің нәтижелері.**

Малайсары ЖОББМ бойынша 2024-2025 оқу жылында болды 6 түлек білім алып 5 оқушы жалпы орта білім туралы, 1 оқушы “Алтын белгі” аттестатына ие болды. 2024-2025 оқу жылы қорытынды аттестаттау дәстүрлі мемлекеттік бітіру емтиханы нысанында өткізілді. 2024-2025 оқу жылында ҰБТ 6 түлек тапсырды. 2023-2024, оқу жылында 11- сынып оқушыларының жоқтығымен байланысты 11-сынып комплектісі жоқ.

### **Бейіндік оқытудың талдау**

<b>Оқу жылы</b>		<b>Бейіндік бағыты</b>	<b>Оқушы саны</b>
2023-2024	-	-	0
2024-2025	11	жаратылыстану-математикалық	6
2025-2026	11	жаратылыстану-математикалық	7

2024-2025 оқу жылында мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысы үш бағытта құрылған: педагогикалық ұжым, ата-аналар және мектеп бітіруші оқушылар арасында. Мектеп психологы, сынып жетекшілері мамандық таңдауға психологиялық бейімділігі бойынша 9, 11-сынып түлектері арасында диагностика, жеке және топтық консультациялар жүргізеді, оқушылар мен ата-аналарға, мектеп мұғалімдеріне ҰБТ тапсыруға дайындау ұсынымдарын береді. Мектептің кешенді тәрбие бағдарламасына сәйкес 9-11 сыныптарда сынып сағаттары, лекториялар, ата-аналар жиналыстары, орта-арнайы және жоғары оқу орындарының кәсіби бағдар алушыларымен кездесулер, ЖОО-ларға, колледждер мен лицейлерге экскурсиялар өткізілді.

2024-2025 оқу жылында 6 түлек жаратылыстану-математикалық бағытында дайындықтан өткен. 10-сыныпқа қабылданған оқушылардың ата-аналары таңдаған бағыттарын өтініште көрсеткен. Бейінді оқыту мәселесі түлектердің қызығушылықтарын, бейімдіктерін және қабілеттерін есепке алына отырып, оқушылардың кәсіптік таңдауларына сәйкес олардың дамуына жағдай жасайтын, оқу қызметі ұйымдастырылды.

### **2024-2025 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмысына талдау**

*"Мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы оқу үрдісінде оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру"* тақырыбындағы мектептің әдістемелік мәселесі 3 жылға негізделген.

**Мақсаты:** Оқу мен оқытуда критериалды бағалаудың түрлерін қолдану

арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан бағалау қабілетін қалыптастыру, педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін дамыту.

Мектептің әдістемелік мәселесіне сәйкес жұмыс өзара байланысты екі бағытта жүргізеді: кәсіби мәдениет пен педагогикалық шеберлік деңгейін жетілдіру мақсатында педагогикалық кадрлармен жұмыс, сондай-ақ білім сапасы мен оқу уәждемесін арттыру мақсатында оқушылармен жұмыс.

Келесі міндеттер қойылды:

- пән мұғалімдерінің АКТ-құзыреттілігін арттыру;
- мектептің бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін құру;
- сабақ беру ортасында тиімді цифрлық білім беру ресурстарын, платформаларды пайдалану есебінен оқыту сапасын арттыру;
- мектеп сайтының жұмысын жандандыру.

### **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының жүргізілуі**

Малайсары ЖОББМ МЖМБС талаптарына сәйкес «Тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздері» бойынша сабақтар өткізілген. Бекітілген бағдарлама мазмұнына сәйкес 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныптарда 10 сағаттан, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесі іске асырылды.

1-4 сынып аралығында «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі – ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілді, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аудару алдыға қоя отырып, «ӨҚН» оқу курсы Дүниетану пәні аясында оқытылды.

Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дүниетану», пәнімен байланыстыру қарастырылған, бұл білім беру курсынның оқу міндеттілігін қамтамасыз етеді. ӨҚН оқушыларға оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейту үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырды. Сабақтарда мұғалімдер оқушылардың жеке қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасады, олардың мүдделерін, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескерілді. Ғылыми-жаратылыстану білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттерін арттыру көзделді. ӨҚН тақырыптары 1-4 сыныптар бойынша дүниетанудан мынадай тақырыптарға кіріктіріліп өткізілді:

#### **1-сынып**

<b>№</b>	<b>ӨҚН тақырыбы</b>	<b>Кіріктірілген тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
1	Мектепке баратын жол	Қауіпсіздік	1
2	Көше кездейсоқ жағдайларға толы	Бағдарлауды үйренеміз	1
3	Көше кездейсоқ	Ауа райы деген не?	1

	жағдайларға толы		
4	Судағы қауіпсіздік	Ертедегі саяхат	1
5	Ғимараттағы қауіпсіздік	Бәйтерек-өмір ағашы	1
6	Практикалық сабақ	Айналадағы қауіп-қатер	1

### 2-сынып

№	ӨҚН тақырыбы	Кіріктірілген тақырыбы	Сағат саны
1	Мен және қоғам	Отан үшін аянба	1
2	Дұрыс тамақтана біл	Қазақстан – менің Отаным	1
3	Су қоймасы	Дұрыс тамақтана біл	1
4	От адамның досы және жауы	Ғұндар қалай өмір сүреді?	1
5	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы негізгі ережесі	Адам өміріне ауа райының әсері	1
6	Практикалық қауіпсіздік сабағы	Қазақстанға саяхат	1

### 3-сынып

№	ӨҚН тақырыбы	Кіріктірілген тақырыбы	Сағат саны
1	Төтенше жағдай бұл не?	Отбасы шығыстары қалай жоспарланады?	1
2	Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту	Біздің Ата Заңымыз - Конституция	1
3	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі	Көшпелілер мен отырықшылардың өмір салты	1
4	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі	Менің қауіпсіздігім.	1
5	Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ	Қазақ хандығы қалай құрылды?	1
6	Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ	Батырлар – Отанымыздың қорғаны. Ұлы даланың даналары	1

### 4-сынып

№	ӨҚН тақырыбы	Кіріктірілген тақырыбы	Сағат саны
1	Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту	Көшбасшы қандай болуы керек?	1
2	Судағы қауіпсіздік	XX-XXI ғасырларда Қазақстан мәдениетінің дамуы	1
3	Жүргінші қауіпсіздігі	Жасанды ортадағы менің қауіпсіздігім	1

4	Сіз жолда жүру ережесін білесіз бе?	Жасанды ортадағы менің қауіпсіздігім	1
5	Практикалық сабақ	Глобус және географиялық картамен жұмыс	1
6	Практикалық сабақ	Қазақстанның білім берудегі жетістіктері	1
7	Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек	Менің туристік маршрутым	1
8	Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек	Тас дәуірінен ғарыш әлеміне дейін	1
9	Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік	Қазақстанның әлем алдындағы бейнесі	1
10	Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік	Әр алуан тапсырмалар	1

Аталмыш тақырыптар аясында бастауыш сыныптар арасында көптеген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілді.

2-сыныпта қатысқан сабақтардың нәтижелері оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық туралы білімнің маңыздылығын түсінетіндігін, ықтимал қауіпті орындар мен заттарды тануға қабілетті екенін көрсетті. Сабақтарда оқушылар ұқыптылық пен сақтық сияқты тұлғалық қасиеттерді көрсетті.

Мұғалімдер сабақта әр түрлі қызмет түрлері мен тәсілдерін қолданды: ситуациялық есептерді шешуде іс-әрекеттердің жоспары мен реттілігін құру, өз қызметінің нәтижелерін бағалау, жағдайларды модельдеу, ақпаратты талдау, тренингтер, бақылаулар, семинарлар, сурет салу, бояу, тақырыптық ойын жаттығуларын орындау, өзіндік жұмыстар, шығармашылық жұмыстар..

"Төтенше жағдай бұл не?" тақырыбы бойынша 3 сыныпта қатысқан сабақтар оқушылардың өрт қызметін, құқық қорғау органдарын, "жедел жәрдемді", авариялық газ қызметін шақыру тәсілдерін жақсы білетіндігін көрсетті. Сабақ барысында оқушылар әртүрлі қауіпті жағдайлардағы мәселелерді шешу үшін ересектермен өзара әрекеттесу қажеттілігін түсінді, қауіп туындаған кезде тұрғын үйден өз бетінше эвакуация жасау, қауіп туралы хабарлау үшін телефонды дұрыс пайдалану, қызметтерді шақыру тәсілдерін білу қабілеттерін көрсетті. Мұғалімдер сабақта келесі қызмет түрлері мен тәсілдерін қолданды: ауызша сөйлеу, диалог, ситуациялық есептерді қарау, талдау және шешу (мультимедиялық презентацияны қолдана отырып), тақырыптық ойын жаттығуларын орындау. Диагностика үшін мұғалімдер сауалнаманың әртүрлі формаларын қолданды.

4 сыныпта «Жүргінші қауіпсіздігі» тақырыбы бойынша сабақта оқушылардың оқу іс-әрекетінің жеке нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасалды. Оқушылар ақпаратты пайдалана білу қабілеттерін көрсетті (алу, өңдеу, сақтау және беру), Белсенді диалогқа кірісті, өз көзқарастарын білдірді және басқалардың

көзқарасын тыңдай білді, ұжымда өзара іс-қимыл және ынтымақтастық көрсетті. Сабақта диагностикалық жұмыс түрі тестілеу болды. "Жол жүру ережелері" тақырыбы бойынша саяхат-сабақ өткізді. Мұғалім оқушылардың жұмысын жеке, жұпта, топта ұйымдастырады.

### **Қорытынды:**

ОҚН сабақтарын өткізу кезінде мұғалімдер сабақтарда оқушылардың өмір қауіпсіздігі саласындағы негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыра білді, сабақтарда белсенді көзқарастарын жүзеге асыра білді. Денсаулық сақтау құзыреттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Жол қозғалысы ережелері бойынша білімдерін көрсете білді.

### **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру туралы**

МЖМБС сәйкес мектепте «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылды. 5-9 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіліп отырды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру шешімі 2025-2026 оқу жылында «Күнделік» электронды журналға толтырылады.

### **2022-2025 жылдар аралығында әдістемелік жұмысты жүргізу талдауы**

Оқу процесін ұйымдастырудың негізі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (өзгерістерін қоса алғанда 23.09.2022 ж. №406) болып табылады.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған. Оқу сабақтарының кестесіне, сабақтардың ұзақтығына және өзгерістерді ұйымдастыруға арналған СанПин-де анықталған талаптар мен нормалар сақталған.

3 жыл аралығында МЖМБС орындалуын талдау оқу жоспарының барлық пәндері бойынша бағдарламалардың практикалық бөлімін қоса алғанда толық орындалғанын көрсетті.

Білім беру бағдарламаларының, жазба және бақылау жұмыстарының нормаларының орындалу мәселесі әкімшіліктің тұрақты бақылауында, барлық тексерулердің нәтижелері анықтама түрінде ресімделген.

Мемлекеттік білім стандартының талаптарын сақтау мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық кеңестерде қарастырылған. Мектепте 4 әдістемелік бірлестік (бастауыш сыныптар, гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математика, дене тәрбиесі және эстетикалық) бар, оларды педагог-зерттеуші немесе бірінші санатты, еңбек өтілі бар мұғалімдер ұйымдастырады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жұмыстары педагогикалық ұжым қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы оқу үрдісінде оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру» бірыңғай әдістемелік тақырып аясында:

- оқушылар мен ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспарының вариативті бөлігіне енгізілген факультативтік пәндер ауқымын кеңейту;

-элективтік курстарға арналған авторлық бағдарламаларды әзірлеу;

-оқытудың жаңа білім беру технологияларын енгізу, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруға, педагогикалық процестің субъектілері арасындағы қарым-қатынасты, сабақтастықты үйлестіруге ықпал ету.

2024-2025 жылмен салыстырғанда конференцияларға, конкурстарға, семинарларға қатысқан мұғалімдер саны екі есеге өсті, бұл мұғалімдердің өз жұмысының жоғары сапасына деген ынтасының артқанын көрсетті.

Мектептің білім беру бағдарламасы мен оқу жоспары мектептің мемлекеттік функциясын - негізгі жалпы орта біліммен қамтамасыз етуді және баланы оқу процесінде дамытуды қамтамасыз етеді. Бұл мақсатқа жетудің негізгі шарты – әр баланың мүмкіндіктері мен қабілетін ескере отырып, әрекетке қосу.

Мектеп білім сапасын арттыру мәселелерінің шешімін оқу пәндерін оқытудың жай-күйін бақылау жүйесін жетілдіруден, мектеп оқушыларының білімінің тақырыптық есебін жүргізуден, заманауи білім беру технологияларын, АКТ-ны қолдану арқылы балалардың ынтасын арттырудан көреді.

Мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында Малайсары ЖОББМ педагогтер және мамандар саны штаттық кестеге сәйкес қамтамасыз етілді. 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдары мектеп тарапынан қажетті педагог қызметкерлермен қамту мәселесі 100% шешімін тапты.

#### Педагогтердің білім деңгейі

Білім деңгейлері	2023-2024	2024-2025	2025-2026
барлық педагогтер саны	19	19	21
жоғары білімді	18	18	20
	94,7%	94,7%	95,2%
оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар	2	2	1
	50%	50%	25%

2025-2026 оқу жылында 21 педагог жұмыс істейді, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бары 95,2 % -ды құрайды, маман емес педагогтер жоқ. Жалпы педагогтер ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар тәрбиешілер саны 1 (25%-ды құрайды).

2024-2025 оқу жылы мектептегі педагогтердің білім деңгейлері жоғары екендігін көрсетеді.

#### Педагогтардың сапалық деңгейі

Біліктілік деңгейі	2023-2024	%	2024-2025	%	2025-2026	%
Барлық педагогтер саны	20		19		21	

Педагог-зерттеуші	11	58	12	57	10	48
Педагог-сарапшы	2	11	3	14	2	9,5
Педагог-модератор	-	-	1	4	3	14,2
Жоғары санатты	2	11	-	-	-	-
Бірінші санатты	2	11	-	-	-	-
Екінші санатты	-	-	-	-	-	-

Малайсары ЖОББМ педагогтерінің жаңа форматтағы аттестаттау ережелеріне сәйкес өту қорытындысы бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшылар, педагог-модераторлар санатты педагогтердің біліктілік деңгейі лицензиялық талаптарының сәйкестігін 71,7% көлемінде көрсетті.

### Педагогтердің жас ерекшеліктері

Жас ерекшеліктері	2023-2024	%	2024-2025	%	2025-2026	%
<b>Барлық педагогтер саны</b>			<b>19/21</b>			
20 жастан 30 жасқа дейін	-	-	2	9,5	5	23,8
31 жастан 40 жасқа дейін	5	26,3	4	19,0 4	5	23,8
41 жастан 50 жасқа дейін	6	31,5	3	14,2	8	38
51 жастан 60 жасқа дейін	5	26,3	8	38,0 9	1	4,7
61 жастан 63 жасқа дейін	4	21	4	19,0 4	2	9,5

Малайсары ЖОББМ педагогтерінің орташа жасы 47 жастан 50 жас аралығының 38% көлемін көрсетті. Қызмет атқарып жүрген педагог қызметкерлерінің негізін орташа жастағы педагогтер құрайды. Зейнеткер жасындағы педагогтер саны-1.

### Педагогтердің еңбек өтілі

Еңбек өтілі	2023-2024	%	2024-2025	%	2025-2026	%
<b>Барлық педагогтер саны</b>			<b>19/19/21</b>			
1 жылғы дейін	-	-	1	4,7	2	9,5
3 жылғы дейін	-	-	1	4,7	2	9,5
5 жылға дейін	-	-	-	-	1	4,7
10 жылға дейін	1	5,2	3	14,2	1	4,7
20 жылға дейін	6	31,5	5	23,8	5	23,8

20 жылдан аса	12	63,1	11	52,3	9	42,8
---------------	----	------	----	------	---	------

Мектепте қызмет атқаратын педагогтердің 42,8%-ы еңбек өтілі 20 жылдан аса педагогтер, яғни 3,5,6-кестеде көрсетілген 41 жастан 50 жасқа дейінгі педагогтерге сәйкес болды.

### Педагогтердің біліктілігі

Малайсары ЖОББМ педагогтерінің кәсіби деңгейінің өсу динамикасы саналы белсенділік пен іскерлік біліктіліктің көрсеткіші болып табылады. Соңғы жылдары педагогтердің 95,6%-ы қайта даярлаудан өтті. Педагогтердің шеберлігін жетілдіру "Өрлеу "БАҰО" АҚ, "Педагогикалық шеберлік орталығы" НЗМ" ДББҰ арқылы біліктілікті арттыру жолымен ұйымдастырылды.

Кәсіби деңгейін көтеру курстар	2023-2024	%	2024-2025	%
<b>Барлық педагогтер саны</b>			<b>19/19</b>	
Өрлеу БАҰО АҚ	2	10,5	16	76
РУЦФК	1	5,2	-	-
ППУ	1	5,2	-	-
Педагогикалық шеберлік орталығы НЗМ ДББҰ	0	0	2	9,5
Курстан өту деңгейі	5	26,3	18	85,7

### Педагогтердің аттестаттау дайындығы және өту қорытындысы

Аттестаттау материалдарын зерделеу педагогикалық шеберлікті арттырудың қуатты стимулына айналғанын, жоспарлы түрде жүргізілетінін, жүйелілік, сабақтастық, бақылау және шығармашылықты ынталандыру принциптерін жүзеге асыруға негізделгенін көрсетті. Барлық құжаттама ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 14 мамырдағы № 83 (өзгерістерін қоса алынды) бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сәйкес жүргізілді. 3 жылдың ішінде 9 мұғалім аттестаттаудан өтті. Педагогтерді аттестаттау үдерісін қамтамасыз ету бойынша жоспар құрылды. Аттестаттау комиссиясының отырыстарында жылма-жыл хаттамалар жүргізілгені, бұйрықтар шығарылғаны, біліктілік куәлігін тіркеу және беру тізілімі жасалғаны байқалады. Аттестаттау туралы бұйрықтар мен куәліктерінің көшірмелері педагогтардың жеке істеріне қоса берілген және біліктілік санаттарын беру туралы жазбалар еңбек кітапшаларына жазылған.

Мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру әдістері жетілдірілуде, екі жылдан бері мектепшілік «Жас мұғалім» байқауы өткізіліп келеді. Моральдық және материалдық көтермелеудің әртүрлі әдістері қолданылады.

Мектеп әкімшілігінің қызметі мектеп ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру міндеттерін шешуде ресурстарды пайдаланудың

тиімділігіне бағытталған. Мектепте адам ресурстары жоғары деңгейде. Мұғалімдердің 100%-ы жоғары білімді мамандар, бірінші, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санаттарына ие.

Сонымен бірге мектептің дамуының проблемалары мен болашағын көруге болады:

- мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуға, жеке жауапкершілігіне және мектепті дамыту міндеттерін шешудегі жұмыстың маңыздылығына ықпал ететін шығармашылық атмосфераны құру;

- педұжымның басым бөлігінің педагог-зерттеуші жұмысының дағдыларын дамытуға мотивация беру;

- мектептің сапа көрсеткіштерінің тұрақтылығы мен өсуіне қол жеткізуде қолда бар еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету.

2023-2025 жылдары аралығында жаңа форматтағы аттестаттаудан тестілеуді тапсырғандардың жалпы саны 7 мұғалім. Оның ішінде: «педагог-шебер» - 0, «педагог – зерттеуші» - 10 (он), «педагог – сарапшы» – 2 (екі), «педагог – модератор» санатына - 3 (үш).

№	Малайсары ЖОББМ	жалпы мұғалім саны	біліктілік санаты				жаңа формат бойынша			
			жоғары	I	II	санаты жоқ	ПМ	ПС	ПЗ	ПШ
1	математика	1					1			
2	физика	1						1		
3	Химия-биология	2				1		1		
4	ИВТ	1				1				
5	география	1						1		
6	Қазақстан тарихы, ДЖТ	2					1	1		
7	қазақ тілі	2						2		
8	орыс тілі	1				1				
9	ағылшын тілі	1						1		
10	бастауыш	4				1	1	2		
11	денешынық	2					1	1		
12	Көркем еңбек	2				1	1			
13	Музыка	1						1		
	Барлығы	21				5	4	2	10	

Кестеге сәйкес Малайсары ЖОББМ педагогтерінің біліктілік деңгейлері санатсыздар қатары мұғалімдердің 23,8% үлесін құрайды. Педагогтердің біліктілік деңгейлері 76,2%-ы құрайды. Бұл лицензиялық талаптары көрсеткішіне сәйкес екендігін көрсетеді.

2025-2026 оқу жылында барлығы 3 педагог аттестатталуға өтініш білдірді:

«Педагог-шебер»-1  
 «Педагог-зерттеуші»-2  
 «Педагог-сарапшы»-0  
 «Педагог-модератор» -0

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Категория	Ұсынылатын категория	Бұйрық
1	Жумабекова Гульден Сансызбаевна	Физика және информатика мұғалімі	Педагог- зерттеуші	Педагог- шебер (алу)	
2	Мукатаева Майра Ильясовна	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	Педагог- зерттеуші	Педагог- зерттеуші (растау)	
3	Өкеш Маржан	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	Педагог- зерттеуші	Педагог- зерттеуші (растау)	

Үш жылдың көрсеткіштерін салыстырсақ, педагог-зерттеушілердің 57%- ға, педагог-сарапшылардың 14% - ға артқанын атап өтуге болады. Жалпы біліктілік сапасы 76%-ға көтерілді.

**Төменде 2024-2025 оқу жылында курстан өткен педагогтар туралы мәлімет:**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Оқыту тілі	Курс атауы
1	Ронде Ксения Антоновна	Ағылшын тілі	қазақша	«Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар»
2	Нурланова Мейргуль Нурлановна	Биология және химия мұғалімі	қазақша	“Білім алушыларды рефлексивті ойлауға үйрету”
3	Уримова Лаура Кайратовна	Бастауыш сынып мұғалімі	қазақша	«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті»
4	Жумабекова Гульден Сансызбаевна	Физика және информатика мұғалімі	қазақша	«Физика бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырудың заманауи білім беру технологиялары»
5	Жетыбаева Анар Ахметовна	Музыка мұғалімі	қазақша	«Жаһандық құзыреттіліктер»
6	Жаксымбетова Жанна Манатовна	Бастауыш сынып мұғалімі	қазақша	«Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»

7	Койлыбаева Ардак Токтасыновна	Биология мұғалімі	қазақша	«Робототехника және STEM-білім беру»
8	Сипатилова Карлығаш Базарбаевна	ШО тәрбиешісі	қазақша	«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру»
9	Мукатаева Майра Ильясовна	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	қазақша	«Инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогтердің базалық құзыреттіліктерін қалыптастыру»
10	Мукатаева Майра Ильясовна	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	қазақша	«Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі» «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»
11	Махмет Айзада Медетовна	Бастауыш сынып мұғалімі	қазақша	«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті»
12	Кудайбергенова Галия Калмановна	Ағылшын мұғалімі	орысша	«Инновационные технологии в обучении английскому языку»
13	Аукенова Асемгуль Рахимжановна	География және тарих мұғалімі	қазақша	«Тарих және құқық негіздері: оқытудағы жаңа технологиялар»
14	Жетыбаева Анар Ахметовна	Музыка мұғалімі	қазақша	«Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»

**2024-2025 оқу жылы ақылы курстан өткен Малайсары жалпы орта білім беру мектебінің педагогтердің тізімі**

№	Аты -жөні	тыңдаушының категориясы	оқыту тілі	Тақырыбы	өткізу мерзімі	сағат саны
1	Махмет Айзада Медетовна	Бастауыш сынып мұғалімі	қазақша	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»	21.04- 05.05.	“UST AZ”, 80 сағат

2	Койлыбаева Ардак Токтасыновна	Биология мұғалімі	қазақша	«Білім берудегі менеджмент»	05.05- 16.05	ПШО, 80 сағат
3	Иманбаева Асима Саматовна	Әлеуметтік педагог	қазақша	«Тиімді оқу және оқыту: білімнен білік-дағдыларға»	07.04- 18.04	ПШО, 80 сағат
4	Баянбаева Жамила Ахметовна	Көркем еңбек мұғалімі	қазақша	«Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру»	20.05- 31.05	“Өрле у” 80 сағат

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстардан өтпеген мұғалім жоқ. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтер алған білімдерін өз қызметінде пайдаланады, әдістемелік бірлестіктердегі курстар туралы хабарламалар жасайды, конференциялар мен педагогикалық кеңестердің жұмысына белсенді қатысады.

#### **2024-2025 оқу жылдарына арналған әдістемелік қызметтің міндеттері:**

- оқу процесінің барлық қатысушылары: әкімшілік, мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары ақпараттық деңгейде қатысатын жүйені құру;

Жыл сайын мектепте гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің педагогтары тілдер онкүндігін өткізеді. Есептік оқу жылында онкүндік аясында 4 іс-шара өткізілді. Бұл оқырмандар сайысы, зияткерлік ойындар мен викториналар, дөңгелек үстелдер.

2024-2025 оқу жылына «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін Lesson Study тиімді әдістерінің бірі ретінде оқушыларға сараланған тәсілді қолдану» тақырыбында оқушыларды бақылау бойынша оқыту семинарын өткізді.

Ағымдағы оқу жылында дарынды балалармен жұмыс екі кезеңде жүргізілді – бірінші жартыжылдықта – 5-6 және 8-9,11 сыныптарда мектеп олимпиадаларын өткізу, дарынды оқушыларды анықтау, жобалармен жұмысты бақылау, аудандық олимпиадаға, Зерде, Дарын байқауларына қатысуға дайындық мақсатында мектепшілік ғылыми-практикалық конференцияларын өткізу. Екінші кезең – осы байқаулардың қалалық, облыстық және республикалық кезеңдеріне 2-4 тоқсан ішінде қатысу жоспарланды. Сондай-ақ, жыл бойы оқушылар онлайн-олимпиадалар мен байқауларға, қашықтық олимпиадалар мен байқауларға белсенді қатысып отырды. Мектеп олимпиадасына 52 оқушы қатысты, жүлделі орындарға ие болған 27 оқушы грамоталармен марапаттауға ұсынылды. Аудандық пән олимпиадасына 10 оқушы қатысып, облыстық пән олимпиадасында 2 оқушы /Калымова А/ 3 орын, /Солдат М./ 3 орын иегері атанды. Ауыл балаларына арналаған республикалық пән олимпиадасында /Калымова А/ орыс тілі пәнінен облыстық кезеңде 2 орын, /Ахметсапар Н/ тарих пәнінен 1 орын, /Дюсембай А./ орыс тілі пәнінен 3 орынды иеленді. Жобалар конкурсына - 3 жобалық жұмыспен 5 оқушы қатысты, жүлделі орындарды иеленді.

Оқу жылы бойы біздің мектептің оқушылары зияткерлік байқауларына

қатысады. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылар онлайн-олимпиадаларға, интернет-байқауға, қашықтықтан интеллектуалдық-жарыстарға белсенді қатысты.

«Ертіс Дарыны» байқауларына және басқа мектеп бағдарламасының барлық пәндері бойынша әр түрлі жастағы балалар үшін кең мүмкіндіктер ұсынылды. Онлайн-олимпиадалар мен байқаулар – бұл оқушылардың ғылыми білімге қызығушылығын арттырудың, теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тереңдетудің тиімді нысаны.

Біздің оқушылар жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша жақсы нәтижелер көрсетті.

### **Жыл сайынғы байқаулардың нәтижелері**

<b>№</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Қатысушы саны Нәтиже</b>	<b>Жетекшінің Т.АӘ.</b>
1	2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңі	4 бала (1,2 орын)	Жумабекова Г.С. Жакупова Р.М.
2	Павлодар облысының блицтан жекелей чемпионат	1 бала (3 орын)	Шоканов А.Б.
4	Жүгірумен спорттық бағдарлау бойынша Павлодар облысының чемпионаты	2 бала (3 орын)	Асылханов Е.К.
5	“Жас экорепортер” облыстық байқау	1 бала (2 орын)	Койлыбаева А.Т.
6	“Менің шағын Отаным” облыстық жас тарихшылар конкурсы	1 бала (1 орын)	Иманбаев Н.Б.
7	8-11 сынып оқушыларына арналған ғылыми жобалар конкурсы аудандық кезеңі	4 бала (1 орын)	Жумабекова Г.С. Койлыбаева А.Т. Аукенова А.Р.
8	Ауыл балаларына арналған пән олимпиадасының облыстық кезеңі	3 бала (1,2,3 орын)	Татенова А.Т. Иманбаев Н.Б.
9	“Қыз еркем-қылығымен көркем” аудандық сайыс	1 бала (1 орын)	Аушахманова Ж.Т.
10	“Қыз еркем-қылығымен көркем” облыстық сайыс	1 бала (2 орын)	Аушахманова Ж.Т.
11	2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының облыстық кезеңі	2 бала (1 орын)	Жумабекова Г.С.
12	Халықаралық STEM олимпиада	3 бала (5 орын)	Жумабекова Г.С.
13	8-11 сынып оқушыларына арналған ғылыми жобалар	3 бала (2,3 орын)	Жумабекова Г.С. Койлыбаева А.Т.

	конкурсы облыстық кезеңі		
14	7-8 сынып оқушыларына арасындағы үстел теннисі аудандық кезең	3 бала (1 орын)	Шоканов А.Б.
15	“Абай оқулары” республикалық шығармашылық конкурсының аудандық кезеңі	1 бала (1 орын)	Өкеш М.
16	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі	2 бала (3 орын)	Өкеш М. Татенова А.Т.
17	“Абай оқулары” республикалық шығармашылық конкурсының облыстық кезеңі	1 бала (2 орын)	Жетыбаева А.А.
18	Қысқы спорттық бағдарлау бойынша ІІ облыстық кешенді Гимназида	3 бала (2,3 орын)	Асылханов Е.К.
19	“Ұлы даланың ерке қызы” аудандық байқау	5 бала (1 орын)	Иманбаева А.С.
20	Бастауыш сынып оқушылары арасындағы математикалық турнирдің аудандық кезеңі	3 бала (3 орын)	Жаксымбетова Ж.М. Жакупова Р.М. Уримова Л.К.
21	8-11 сынып оқушыларына арналған ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңі	1 бала (3 орын)	Койлыбаева А.Т.
22	“ProEco” облыстық экологиялық жобалар	2 бала (2 орын)	Жумабекова Г.С.
23	“Ұлы даланың ерке қызы” облыстық байқау	5 бала (1 орын)	Иманбаева А.С.
24	Облыстық “Жауқазын” зияткерлік олимпиадасы	1 бала (3 орын)	Урюмова С.Р.
25	“Кіші Сатпаев” олимпиадасының облыстық кезеңі	5 бала (1,2,3 орын)	Койлыбаева А.Т. Жакупова Р.М. Жапарова Г.К.
26	“Бақытты бала” облыстық конкурсы	1 бала (2 орын)	Жетыбаева А.А.
27	Аудандық “Ілияс оқулары” байқауы	2 бала (1 орын)	Өкеш М.
28	Облыстық “Ілияс оқулары” байқауы	2 бала (2,3 орын)	Өкеш М.
29	“ХХҮ Сатпаев оқулары” халықаралық ғылыми конференция	1 бала (2 орын)	Койлыбаева А.Т.
30	Республикалық	1 бала (3 орын)	Жетыбаева А.А.

	шығармашылық фестивалінде вокал бағыты бойынша		
31	5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңі	2 бала (2,3 орын)	Койлыбаева А.Т. Аукенова А.Р.
32	“Мың бала” ұлттық зияткерлік олимпиада	1 бала жеңімпаз	Жапарова Г.К. Өкеш М. Кудайбергенова Г.К. Койлыбаева А.Т.
33	“Жас кемеңгер” облыстық сырттай олимпиада	2 бала (2,3 орын)	Жапарова Г.К. Мукатаева М.И.

**Қорытынды:** 2024-2025 оқу жылында облыстық пәндік олимпиадаға 3 оқушы қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ 11 сынып оқушысы Калымова А.-орыс тілінен 3 орын, 10 сынып оқушысы Солдат М.-қазақ тілінен 3 орын./.. Дарынды баламен жұмыс педагогикалық кеңес отырысында қаралып, онда дарынды балалармен жұмысты жақсарту мәселесі талқыланды. Келесі оқу жылында осы бағдарламаға сәйкес дарынды балалармен жұмыс тереңірек және жүйелі түрде жүргізілетін болады, бұл өз жемісін беруі мүмкін. Келесі оқу жылында қыркүйек айынан бастап олимпиадашылармен бірге пән мұғалімдерінің жеке сабақтарына олардың жоспарларына сәйкес бақылау жүргізіледі.

Оқу жылы бойы біздің мектептің оқушылары әртүрлі қашықтық олимпиадаларға және басқа да зияткерлік байқауларға қатысады.

Мектеп мұғалімдері де түрлі деңгейдегі байқау, конкурс, олимпиадалға белсене қатысады. Педагогикалы іс-тәжірибелерімен семинар, конференция, вебинар, баспа беттерінде үнемі бөлісіп отырады.

### Педагогтердің конкурстар мен конференцияларға қатысу нәтижелері

№	Конкурс атауы	Педагогтің Т. А. Ә.	Конкурс/олимпиада деңгейі			
			аудандық	облыстық	республикалық	халықаралық
1	“Мектеп даму бағдарламасы-басшының тиімді құралы” тәжірибемен бөлісу	Жетыбаева Анар Ахметовна		Қуәлік		
2	“Алтын тұғыр” математикалық олимпиада	Жаксымбетов а Жанна Манатовна	2 орын			
3	“Алтын тұғыр” математикалық олимпиада	Жаксымбетов а Қарлығаш Шишханқызы	1 орын			
4	Республикалық “Музыка	Жетыбаева Анар			1 орын	

	халықтар арасындағы татулықтың тілі”бағыты бойынша шеберлік сынып	Ахметовна				
5	ПШО «Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі » атты облыстық ғылыми-практикалық конференцияда тәжірибемен бөлісу	Аукенова Асемгуль Рахимжановна		сертификат		
6	Педагогикалық идеялар бастамасы	Койлыбаева Ардак Токтасыновна		3 орын		
7	“Алтын тұғыр” математикалық олимпиада	Жаксымбетов а Қарлығаш Шишханқызы		2 орын		
№	Конкурс атауы	Педагогтің Т. А. Ә.	Конкурс/олимпиада деңгейі			
			аудандық	облыстық	республикалық	халықаралық
1	“Мектеп даму бағдарламасы-басшының тиімді құралы” тәжірибемен бөлісу	Жетыбаева Анар Ахметовна		Куәлік		
2	“Алтын тұғыр” математикалық олимпиада	Жаксымбетов а Жанна Манатовна	2 орын			

### 2025-2026 оқу жылының әдістемелік жұмысы

«Тиімді білім беру технологиялар арқылы оқыту мен оқудағы оқушының пәндік сөз қорын молайтып, сөйлеу дағдыларын дамыту» атты әдістемелік тақырыпты жүзеге асыру бойынша педагогикалық ұжымның қызметін жүйелеу.

**Мақсаты:** инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық біліктілігін көтеру.

«Мектептің әдістемелік білім беру жүйесінде оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы педагог кадрлардың әдістемелік шеберлігін

жетілдіру» тақырыбы бойынша жұмыс нәтижелерін мектеп және қала деңгейінде жүйелеу және қорытындылау.

### Міндеттер:

- білім стандартының орындалуын қадағалау;
- авторлық бағдарламалар, ғылыми жұмыстармен айналысуға жағдай жасау;
- жас маман мен тәлімгерлік жұмысты жандандыру;
- Оқытудың әдіс-формаларын жетілдіру, тиімді жолдарын іздестіру;
- Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында жұмыс жүргізе отырып, оқушыларға терең, тиянақты білім беруге жағдай жасау;

Осы аталған міндеттер басшылыққа алынып мектептің әдістемелік бағыттағы жұмыстары жүзеге асырылып отырды.

Тәжірибені жалпылау ретінде 4 мұғалім өз жұмыстарын жариялады, бұл жалпы мұғалімдер санының 22% құрайды. Бірақ олардың көпшілігі мақала жариялады, бұл 22% құрайды.

Мектептің дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес 9-11 сыныптар арасында пәндік олимпиадалардың мектепшілік кезеңдері жыл сайын өткізіледі.

### Жетістіктер кестесі

2023-2024 оқу жылы

№	Іс-шара	Қатысушы саны Нәтиже	Жетекшінің Т.АӘ.
1	«Зерде» облыстық кезеңі	3 бала (2,3 орын)	Жумабекова Г.С. Аукенова А.Р.
2	«Үздік оқырман» аудандық кезеңі	2 бала (1,2 орын)	Жаксымбетова Қ.Ш. Өкеш М.
4	Қысқы спорттық бағдарлау бойынша I облыстық кешенді Гимназиадасы бағдарламасындағы аудандар арасындағы жарыс	2 бала (1,2,3 орын)	Асылханов Е.К.
5	“Мың бала” республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында “Өнер алды қызыл тіл” сайысының облыстық кезеңі	1 бала (1 орын)	Мукатаева М.И.
6	Республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңі	1 бала (3 орын)	Татенова А.Т.
7	Ауыл балаларына арналған пән олимпиадасының облыстық кезеңі	1 бала (1 орын)	Татенова А.Т.
8	Ауыл балаларына арналған пән олимпиадасының республикалық кезеңі	1 бала (3 орын)	Татенова А.Т.
9	“Әке көрген-оқ жонар, ана көрген тоң пішер” бағыты	2 бала (1,2 орын)	Сарсенбаева Л.С. Сипатилова К.Б.
10	«Жас кемеңгер» шағын олимпиада	1 бала (3 орын)	Мукатаева М.И.
11	Республикалық Өзге ұлт өкілдері арасындағы қазақ тілінен 5-11 сынып оқушыларына арналған “Тіл – тәуелсіздіктің тұғыры”	1 бала (3 орын)	Өкеш М.
12	“Robotek Grand Tournament” республикалық чемпионатының облыстық кезеңінің жүлдегері.	4 бала (3 орын)	Жумабекова Г.С.
13	“Табиғатты аяла” облыстық форумы	2 бала (2 орын)	Жумабекова Г.С.
14	“Stem Day” облыстық жобасы	2 бала (2 орын)	Жумабекова Г.С.
15	“Мамандықтар әлемін ашамын” облыстық байқауы	1 бала (2 орын)	Жумабекова Г.С.
16	“Pro Eco” облыстық экологиялық	1 бала (3 орын)	Қойлыбаева А.Т.

	жобасы		
17	Балалар шексіз әлемде” облыстық конкурс	1 бала (3 орын)	Жумабекова Г.С.
18	Облыстық “Кіші Сатпаев” олимпиадасы	2 бала (1,3 орын)	

**Жетістіктер кестесі  
2024-2025 оқу жылы**

№	атауы	Оқушының аты- жөні	орын	жыл
<b>Республикалық</b>				
<b>«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы</b>				
1	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Берикова Аяла	I орын	2024ж
2	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Өркен Феруза	I орын	2024ж
3	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Зекен Алтынай	I орын	2025ж
4	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Бекенова Ұлжан	I орын	2025ж
5	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Жексембай Жансу	I орын	2024ж
6	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Нұрлан Айша	I орын	2024ж
15	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Бекенова Асылжан	II орын	2025ж
16	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Кусманова Асмира	II орын	2025ж
17	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Дюсембай Қарақат	II орын	2025ж
18	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Казбекова Аяжан	II орын	2025ж
<b>«Тарих ата» қашықтық олимпиадасы</b>				
1	«Тарих ата» қашықтық олимпиадасы	Берикова Айзере	II орын	2025 ж
2	«Тарих ата» қашықтық олимпиадасы	Ахметсапар Нұртас	I орын	2025ж
3	«Тарих ата» қашықтық олимпиадасы	Бекенова Жансулу	III орын	2025ж
4	«Тарих ата» қашықтық олимпиадасы	Кадырбек Анеля	III орын	2025ж
5	«Тарих ата» қашықтық олимпиадасы	Ныгметов Ансар	II орын	2025ж

**Оқушылардың түрлі байқауларға, конкурстарға, олимпиадаларға қатысу нәтижелері**

№	Іс-шаралар	Қатысушының аты-жөні	Орын	Мерзімі
<b>Облыстық</b>				
<b>Пән олимпиадасы</b>				
1.	Пән олимпиадасы (орыс тілі мен әдебиеті)	Калымова Акерке	III орын	2025ж

2.	Пән олимпиадасы (қазақ тілі)	Солдат Меруерт	ІІІ орын	2025ж
<b>Ауыл балаларына арналған пән олимпиадасы</b>				
3.	Пән олимпиадасы (тарих)	Ахметсапар Нұрасыл	І орын	2024ж
4.	Пән олимпиадасы (орыс тілі мен әдебиеті)	Калымова Акерке	ІІ орын	2024ж
5.	Пән олимпиадасы (орыс тілі мен әдебиеті)	Дюсембай Айым	ІІІ орын	2024ж
<b>Жас кемеңгер облыстық сырттай оқу мектебінің олимпиадасы</b>				
1.	Жас кемеңгер облыстық сырттай оқу мектебінің олимпиадасы	Нияз Көркем Шукенов Арлан Ахметсапар Нұртас Нұрлан Айша	ІІІ орын ІІ орын ІІІ орын ІІІ орын	2025 ж 2025 ж 2025 ж 2025 ж
<b>Облыстық «Кіші Сәтпаев олимпиадасы»</b>				
1.	Облыстық «Кіші Сәтпаев олимпиадасы»	Шукенов Арлан	І орын	2025 ж
2.	Облыстық «Кіші Сәтпаев олимпиадасы»	Жумабеков Даниар	І орын	2025ж
3.	Облыстық «Кіші Сәтпаев олимпиадасы»	Ныгметов Ансар	ІІ орын	2025 ж
4.	Облыстық «Кіші Сәтпаев олимпиадасы»	Ахметсапар Нұртас	ІІ орын	2025 ж
5.	Облыстық «Кіші Сәтпаев олимпиадасы»	Берикова Айзере	ІІІ орын	2025 ж
<b>"Зерде" ғылыми жобалар мен шығармашылық жұмыстары конкурсы</b>				
1.	"Зерде" ғылыми жобалар мен шығармашылық жұмыстары конкурсы	Бекенова Асылжан Кусманова Асира	І орын	2025ж
<b>“STEM” халықаралық олимпиада</b>				
1.	“STEM” халықаралық олимпиада	Ахметсапар Нұртас	жүлдегер	2025 ж
2.		Сипатиллов Исмаил	жүлдегер	2025 ж
3.		Қазанғап Әлібек	жүлдегер	2025 ж

### **Психодиагностикалық және профилактикалық жұмыс.**

Психодиагностикалық жұмыстың барлық түрлері оқушыға өз мүмкіндіктеріне сенуге көмектесуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және мінездің жағымсыз көріністерін жеңуге деген ұмтылысын ынталандыруға бағытталған. Біздің мектепте нақты міндеттерді шешу кезінде алдын алу мақсатында тұлғалық даму диагностикасы жүргізіледі:

- балалардың даму деңгейін анықтау;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік сынып оқушыларының мектептегі бейімсіздігінің себептерін анықтау, педконсилиумдарды, сыныптық-жалпылама бақылауды дайындау;
- қарым-қатынастың бұзылуының психологиялық себептерін анықтау;
- оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;
- кәсіби бағыттағы диагностика;

Консультативтік жұмыс-оқыту, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналармен, мұғалімдермен өзара қарым-қатынас,

өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту мәселелері бойынша балаларға жеке және топтық консультациялар өткізу.

Мектеп психологы оқушыларға қабілеттерін, бейімділіктерін дамытуға көмектеседі, дамудағы ауытқуларды жеңу, балалардың мінез-құлқы мен тәрбиесінің бұзылуы бойынша жұмыс ұйымдастырады, олардың жеке өсуіне және кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді. Оқушылармен жұмыстағы негізгі мәселелер дарынды балалармен, девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс, кәсіптік бағдар беру болып табылады.

Мектептің психологиялық қызметінің ата-аналармен жұмыс жасаудағы қызметі келесі формаларда ұсынылған:

- Ата-аналар жиналысы-ата-аналармен танысу;
- әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқушылардың психологиялық ерекшеліктерімен;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік 9,10 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінен өтуімен;
- Әр түрлі мәселелер бойынша ата-аналарға жеке кеңес беру.
- Бала тәрбиесімен байланысты өзекті мәселелер бойынша ата-аналарға арналған буклеттер, лекториялар шығару.
- Балалармен тиімді қарым-қатынас бойынша семинарлар, тренингтер.
- Психологиялық орталықтардың мамандарымен кездесулер.

Үш жылдағы салыстырмалы талдау мектептегі ұйымдастыру және басқару жүйесі мектептің үдемелі дамуын және инновациялық даму деңгейінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мектепте тәрбие жұмысының жүйесі қалыптасты, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына көп көңіл бөлінді, адамгершілік тәрбиесі мен руханиятты қалыптастыру бүкіл тәрбие процесінің өзегі болып анықталды. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын, жеке тұлғаның танымдық қажеттіліктері мен сұраныстарын, қоршаған ортаның әлеуетін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау басты назарда.

### Оқыту- материалдық активтер

Малайсары ЖОББМ материалдық-техникалық базасының жағдайы санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Мектеп 1988 жылы салынған, типтік ғимаратта орналасқан. Мектептің жалпы ауданы 4787,0 шаршы метр құрайды. Мектеп 2018 жылы 6832000 тенгеге жұмсақ жабындыны жабу бойынша, 2023 жылы «Мектеп модернизация» бағдарламасы бойынша 235 639 004.72 тенге қаржы бөлініп, жалпы күрделі жөндеуден өтті. Күрделі жөндеу жұмыстары аясында есіктер ауыстырылды, толық қабырғалар тегістеліп, еденге линолиум жайылды. Мектеп фасады жөндеуден өтіп, қоршаулар ауыстырылды. Мектепте 22 оқу кабинеті бар, оның ішінде жаңа модификациядағы 5 кабинет бар. Мектеп түлектерінің демеушілігімен химия, биология, физика, математика және STEM -лаборатория кабинеттері **жалпы 70 млн** тенге жиналған қаражат негізінде ашылды. Химия, биология, физика лабораториялық, практикалық жұмыстарға арналған барлық оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

2024 жылы "Орта білім беретін үздік ұйым" байқауының нәтижесінде 68 млн тенге облыс әкімінің грантына ие болдық. Осы қаражатқа оқу кабинеттердің толық жиһаздары жаңадан сатып алынды, сонымен қатар география, қазақ тілі, жас сарбаз, ұлдар мен қыздарға арналған технология және психология кабинеттері толық

жабдықталды. 22 оқу кабинеттеріне интербелсенді панель сатып алынды. Акт залына LED экран және орындықтар, мектеп асханасының жиһаздары толығымен ауыстырылды. Информатика мен STEM-лабораторияға 28 дана моноблок сатып алынды.

Сонымен қатар ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 бұйрығына сәйкес 2 дене шынықтыру залы, 1 спорт алаңы стандартқа сай жабдықталған. Спорт залы және спорт алаңында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелеріне, сондай-ақ шұғылданушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу орындары ұйымдастырылған. Пластикалық шаңғы – 20 жұп, спорттық қару - 2, пневматикалық спорттық қару -1, нысана көздеу – 1, гигиеналық қаптамасы бар поролонды төсеніштер – 10 дана, үстел теннисі – 2 дана, волейбол сеткасы-2, баскетбол сеткасы -4, швед қабырғасы -8, баскетболдық киім -2 комплект (16 дана), волейболдық киім -2 комплект (16 дана), қақпашының киімі -1, футбол добы –6, волейбол добы-15, баскетбол добы-15, баскетболдық қалқан-4, ысқырғыш -3, секундомер -3, лақтыруға арналған доптар-10, граната-6, есеп үшін арналған табло-3, өрмелеп шығуға арналған арқан-3, сабақтан тыс жұмысқа арналған құралдар (тоғызқұмалақ-10, шахмат комплектісі – 8, магниттік шахмат тақтасы -1) және гимнастикаға арналған құрал жабдықтар толық бар. Мектеп спорт залында күн сайын ылғалды тазалау және залды желдету жүргізіледі.

Мектептің 100 орынды мәжіліс залы толығымен жабдықталды. Сахнасы талапқа сай безендірілген, музыкалық аспаптар мен сахналық киімдермен толық жабдықталған. Биыл акт залына 4,4 млн қаражат бөлініп, LED экран сатып алынды.

Мектепте компьютерлік орталығы 1 информатика кабинетінен тұрады. Мектеп бойынша 20 компьютер, 32 нетбук, 20 планшет, 11 ноутбук, 28 моноблок бар. Ұлдарға арналған ағаш өңдеу шеберханасында егеу станогі-1 комплект (4 дана), бұрғылау станогі (СТД 120 М) -1, ағашты өңдеу станогі (ВСН 1) -1, қыздарға арналған шеберханада іс тігетін машиналар бар. Биыл қыздарға арналған ас әзірлейтін бөлме ашылды.

Мектепте 100 орындық асхана жұмыс істейді. Асхананың жалпы көлемі 134,6 ш.м, ыдыс жуатын орын 19,9 ш.м., ас пісіретін орын 26,3 ш.м., қойма 16,7 ш.м. құрайды. Тағамдық блокта қуыруға арналған 3 шкаф пен 2 электр плита, 3 тоңазытқыш, 1 мұздатқыш бар. Барлық жабдықтар жұмыс күйінде, тауар жарамдылық мерзімі және температуралық жағдайы сақталады. Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Ас бөлме керекті қондырғылармен толық жабдықталған. Барлық қондырғылар жұмыс істеп тұр. Мектеп оқушыларының ыстық тамағын ұйымдастыру үшін асхана жалға берілді. Жалға алушы ЖК «Айдос». Асханада 2 қызметкер жұмыс атақарады, кәсіби талаптарға сай, жұмыс істеуге рұқсаттамалары бар. Асхана қызметкерлері мен оқушылар үшін барлық гигиеналық жағдайлар жасалған. Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру сұрақтары қамтамасыз етілген нормативті құжаттар мектепте бар, сыныптар бойынша тамақтануды бақылау жүйесі құрылып, мониторинг жүргізіледі.

Биыл оқушыларға арналған жеке шкафтарға 49280 қаржы бөлініп, 100 шкаф сатып алынды. 1-11 сынып оқушылары 100 пайыз жеке шкафтармен қамтамасыз етілді.

Мектепте 10 орындық кітапхана бар, ондағы. Кітапхананың жалпы көлемі 43,5 ш.м, кітап қорын сақтау орын 15,0 ш.м., Кітапхана заманауи жиһазбен жабдықталған.

Кітапхана қоры 10550 дана, электронды кітап-50 дана.

Жылыту орны орталандырылған, мектептен 60 метр жерде орналасқан. Мектептегі температуралық тәртіп нормаға сай.

Дәретхана мектеп ішінде жылытылған: ұлдарға арналған дәретханада 3 унитаз, 2 раковина, 1 электр кептіргіш орнатылған. Қыздарға арналған дәретханада да 3 унитаз, 2 раковина, 1 электр кептіргіш орнатылған. Барлық унитаздар бөліктермен бөлінген жеке есіктері бар кабинкаларда орналасқан. Шағын орталық тәрбиеленушілеріне арналған жеке жылы дәретхана бар. Онда әр топқа арналған 1 унитаз бен 1 раковина орнатылған. Унитаз бен раковиналар мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен бойларына сәйкес есептелінген.

Мектепте медициналық кабинеті бар. Кабинет екі бөлімнен тұрады: дәрігердің қабылдау және процедуралық. Медициналық кабинеттің лицензиясы талаптарға сай. Оқушылардың денсаулығын бақылауына медбибі қызмет көрсетеді.

#### **Ақпараттық ресурстар және кітапхана**

Ақпараттық ресурстар бойынша мектепте информатика кабинеті толық қамтамасыз етілген. Мектепте 1 компьютер класы (10 +1 моноблок 2025ж), STEM кабинет-1 (5 +1 моноблок 2025ж), химия, физика, биология, математика кабинеті - 4 толық ақпараттық техникалық құралдармен жабдықталған (2024ж) Барлық 20 кабинет интербелсенді тақтамен /тач панельмен/ және моноблокпен жабдықталды. (2025ж)

Кабинеттердің жұмыс жоспарлары жасалған. Кабинеттерде техника қауіпсіздігіне арналған стенд бар, ілінген, оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау өткізіліп, оқушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды тіркеуге журнал басталады, өрт кезінде эвакуациялау жоспары құрылған, медициналық қорықшасы бар.

#### **Информатика кабинетіне компьютерлердің алынуы туралы мәліметтер**

<b>№</b>	<b>Алынған компьютерлер түрі</b>	<b>Жеткізу көзі</b>	<b>Құрылу жылы</b>	<b>Қайда орнатылды</b>	<b>Жөндеуді немесе жаңалауды қажет етеді</b>
1	Нэтбук	РБ	2020	Математика кабинетінде	
2	Интербелсенді тақта	РБ	2025	Барлық оқу кабинеттерінде	
3	Моноблок	РБ	2025	Информатика STEM-лаборатория	
4	планшет	РБ	2019	STEM-лаборатория Физика	
5	ноутбук	РБ	2025	Биология кабинеті Кітапхана	

Тексеру нәтижесінде мектептің компьютерлік паркі жалпы 111 құрылғыдан тұратыны анықталды. Барлық компьютерлік парк жарамды күйде. Мектепте 20 интерактивті тақта, 3 жаңа модификациядағы химия және физика,биология

кабинетінің лабораториясы бар. Жабдықталған STEM кабинеті бар. Ноутбук – 11, нәтбук – 32, планшет – 20 бар.

Компьютерлермен жабдықталу көрсеткіші 1 компьютерге 1 оқушыны құрайды. Мектептің компьютерлік паркі жылдан-жылға жаңарып келеді. Мектепте кең жолақты интернет бар. Интернет жылдамдығы 30 М / б.

Мектептің компьютерлік жабдықтары заманауи технологияларды қолдануға мүмкіндік береді, оларды әртүрлі пәндерді оқытуда қолдануда белгілі бір тәжірибе жинақталған.

Интернет ресурстарын оқушылар рефератқа дайындық кезінде, ҰБТ-ға дайындық кезінде тестілеу, шығармашылық жұмыстар жасау кезінде белсенді пайдаланады. Мұғалімдер жаңа педагогикалық технологиялармен, материалдармен, қашықтықтан оқыту курстарымен, конкурстар мен олимпиадалардың шарттарымен танысуға және оларға қатысуға мүмкіндік алады. Интернет сабақ кезінде де қолданылады.

Кітапхана жұмысын тексеру барысында нормативтік құжаттар талаптарының орындалуы, кітапхананың кітап қоры, құрылымы, кітапхана қорын жаңартуға, қосымша әдебиеттерге жыл сайын жіберілетін қаражат көлемі, оқушылардың оқу процесіне көмек ретінде әдебиетпен қамтамасыз етілуі зерттелді

жылдар	мектептегі барлық оқулықтар	оқушылардың жалпы саны
2023-2024	2706	93
2024-2025	2216	89
2025-2026	2590	90

Мектеп кітапханасында – 10550 дана кітап қоры бар. Оқулықтар қоры – 2590. Мемлекеттік тілдегі көркем әдебиеттер - 7960 дана. Электрондық оқулықтар -50.

Оқулықтар арнайы қоймада сақталады. Сөрелерде оқулықтар сыныптар мен пәндер бойынша орналасқан. Кітапхана қоры оқырмандар үшін ашық қолжетімді. Кітапханада Қазақстан жазушыларының, кеңестік және шетелдік жазушылардың әдебиеті бөлінген. Салалық әдебиеттер кітапханалық-библиографиялық жіктеу бойынша орналастырылған, сөрелік бөлгіштер бар. Кітапханада атаулы күндерге арналған кітап көрмелері ұйымдастырылады. Барлық көрмелер қазақ және орыс тілдерінде рәсімделген. Кітапханада қазақ және орыс тілдерінде мерзімді әдебиеттер бар.

Оқырмандар формуляры жүргізіледі, онда оқырмандарға берілген кітаптар туралы жазбалар бар. Кітапхана қорына жаңадан түскен барлық кітаптар түгендеу кітабына енгізіледі. Кітаптарда осы мектептің мөрі бар, түгендеу нөмірлері бар. Күнделікті жұмыс үнемі жүргізіледі. Жылына 2 рет оқулықтардың сақталуын тексеру бойынша рейд жүргізіледі. Барлық мұғалімдер мен оқушылар кітапханалық қызметпен қамтылған.

Пәндер бойынша электронды оқулықтар бар. Нормативтік құжаттар: кітапхана туралы ереже, жылдық жұмыс жоспары, кітапхананы пайдалану ережесі. Кітапхана қызметін бақылау директор жанындағы жиналыстарда және әкімшілік жиналыста кітапханашыны тыңдау арқылы тұрақты түрде жүзеге асырылады.

**Қорытынды:** мектептің оқу-материалдық базасының жағдай жоғары деңгейді көрсетті. Барлық кабинеттер заман талабына сай жабдықталған. Мектеп білім

берудегі соңғы ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етіліп, қажетті оқу-құралдарымен толықтырылды.

Кітапхана жұмысын тексеру барысында нормативтік құжаттар талаптарының орындалуы, кітапхананың кітап қоры, құрылымы, кітапхана қорын жаңартуға, қосымша әдебиеттерге жыл сайын жіберілетін қаражат көлемі, оқушылардың оқу процесіне көмек ретінде әдебиетпен қамтамасыз етілуі зерттелді

### **Кітапхананың кітап қоры туралы мәлімет:**

Оқу әдебиеттері қоры бөлек орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізілді. Жаңа оқулықтардың түсуіне қарай оларды бірден өңдеу және орындарына орналастыру жүргізіледі.

Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Кітапхана ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, балалар әдебиетімен, электронды оқулықтармен жабдықталған.

Құжаттарға жазу уақытылы және ұқыпты жүргізіледі. 2024-2025 оқу жылы кітапхананың кітап қоры төмендегідей болды:

Оқу жылы	Оқулықтар		Көркем әдебиет		Әдістемелік нұсқаулық		Электрондық оқулықтар	
